

**СҮЛЕЙМЕНОВА Э.Д., ШӘЙМЕРДЕНОВА Н.Ж.,  
СМАҒҰЛОВА Ж.С., АҚАНОВА Д.Х.**

**ӘЛЕУМЕТТІК  
ЛИНГВИСТИКА ТЕРМИНДЕРІНІҢ  
СӨЗДІГІ**

**СЛОВАРЬ  
СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКИХ  
ТЕРМИНОВ**

Жауапты редактор  
филология ғылымдарының докторы, профессор А.М. Алдашева

Ответственный редактор  
доктор филологических наук, профессор Э.Д. Сулейменова



БКК

Әл Фараби ат. Қаз.ҰУ-інің филология факультетінің Ғылыми кеңесі ұсынады.  
Рекомендовано к изданию Ученым советом филологического факультета  
и РИСО КазНУ им. аль-Фараби

**Рецензенттер:**

филология ғылымдарының докторы, профессор К.Ш. Хусаин;  
филология ғылымдарының докторы, профессор О.Б. Алтынбекова

Ә \*\*

Сүлейменова Ә.Д. ж.б.

**Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов. 2-басылымы, өңделген/ Сүлейменова Ә.Д., Шәймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2019. – 394 с.**

ISBN

Сөздікке әлеуметтік лингвистиканың негізгі концептуалды-ұғымдық аппараттарына, әлеуметтік лингвистиканың теориялық мәселелеріне, әдіснамасы мен әдістемесіне қатысты түсініктерді айқындайтын 650-дей термин енгізілген. Сөздік лұғатында әлеуметтік лингвистиканың терминдік жүйесіндегі өзара қарым-қатынастарды нақтылауға мүмкіндік беретін өзара сілтемелер бар.

Сөздік студенттерге, магистранттар мен аспиранттарға сондай-ақ әлеуметтік лингвистиканың теориясы мен практикасын зерделеумен шұғылданушыларға арналады.

В словарь вошло около 650 терминов, отражающих основной концептуально-понятийный аппарат социолингвистики и связанных с теоретическими проблемами, направлениями, методологией и методикой социолингвистических исследований. В словарных статьях имеются взаимные отсылки, которые позволяют уточнить отношения в терминосистеме социолингвистики.

Словарь предназначен для студентов, магистрантов, аспирантов, преподавателей, а также для всех, кто интересуется теорией и практикой социолингвистических исследований.

БКК

ISBN

© Сүлейменова Ә.Д.  
Шәймерденова Н.Ж.  
Смағұлова Ж.С.  
Ақанова Д.Х., 2019

© «Арман-ПВ» баспасы, 2019

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.  
Репродуцирование (воспроизведение) любым способом данного издания без договора с издательством запрещается.

## АЛҒЫСӨЗ

Әлеуметтік лингвистика саласының терминдер жүйесі – сандық-сапалық тұрғыдан шапшаң өзгеріп отыратын тармақтардың бірі. Бұның біралуан себептері бар: ең алдымен әлеуметтік лингвистика ғылымының пәнаралық сипаты, осы сала терминдерінің шоғырлану табиғаты, сондай-ақ әлеуметтік лингвистиканың экстралингвистикалық факторларға тәуелді екендігі нақты бір ұғым-түсінік аталымдарының қатары жаңа, соны терминдермен ұдайы толығып (қайсыбір терминдердің өзекті сипаты бәсеңдейтіні де байқалады) отыратындығына себепкер болады. Бұл жайт әлеуметтік лингвистика терминдерін түзу ісінде елгезектік танытуды, лексикографиялық еңбектерді мүмкіндігінше жиі-жиі жаңғыртып, толықтырып отыруды қажет етеді. Оның үстіне әлеуметтік лингвистика ғылымының қарқынды ілгерілеуіне байланысты концептуалды-ұғымдық аппаратқа саналы, әрі байыпты қарау талабын да алға шығарады, өйткені осы тармақтың ұғым-түсініктері басқа да ғылым салаларының таралымдары сияқты кеңестік дәуірден сақталып қалған «елестер» мен «мифтерден» арылу, қалыптасу, жетілу сатысына көтерілді.

Ұсынылып отырған сөздік анықтамалық құрал іспетті; онда әлеуметтік лингвистиканың басты терминдері турасында барынша маңызды мағлұматтар қамтылған. Сөздікті түзудегі мақсат – әлеуметтік лингвистика бойынша зерттеулердің қазіргі жай-күйін бейнелеу; әлеуметтік лингвистиканың негізгі бағыттарына шолу жасай отырып, осы саланың әдістерін сипаттау; терминдік құрамды мүмкіндігінше анықтап, белгілеу; әрбір терминге лұғаттық түсініктеме беру және әрбір түсініктемені баяндаудың баршаға ұғынықты болатындай тиімді нысанын орнықтыру.

Сөздік материалдарын жинау, ресімдеу, жүйелеу және түзу жұмыстарын жүргізудің қорытындысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді:

- әлеуметтік лингвистиканың жеке ғылым саласы ретінде қалыптасқан кезеңінен бастап пайда болған терминдердің негізгі жүйесі жасалды; олар қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі зерттеулерден, лексикографиялық еңбектерден жинақталды;
- әлеуметтік лингвистика терминдері сыни талдаудан өткізіліп, ресімделді;
- бұрын анықтамасы көрсетілмеген терминдер Сөздікке дербес лемма ретінде енгізіліп, олардың дефинициясы жасалды;
- қазақ тіліндегі терминдердің орыс және ағылшын тілдеріндегі баламалары көрсетілді;
- өзге тілдерден енген және интернационалдық терминдердің қазақ тіліндегі баламалары ұсынылды;
- бірқатар терминдерге этимологиялық анықтама берілді; сондай-ақ тағы да бір топ аталымдардың пайда болуының және қалыптасуының қайнаркөздері айқындалды;
- өзара сілтемелер арқылы сөздік лұғатының ішінде және оның соңында терминдер арасындағы жүйелі байланыс нақтыланды.

Сөздік әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Жалпы тіл білімі кафедрасына қарасты «Қазақ тілі: психолінгвистика және әлеуметтік лингвистикалық зерттеу» оқу экспе-

рименталды зертханасында жасалды. Сөздіктің баспаға дайындалуына өз үлестерін қосқаны үшін авторлар ұжымы М. Ақберді мен Ж. Күзембековаға алғысын білдіреді. Сөздіктің «Словарь социолингвистических терминов» атты бірінші (Алматы, 2002), екінші (Алматы, 2007) және «Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов» (Алматы: Арман-ПВ, 2007; 2008) атты төрт баспасы шетелдік және қазақстандық ғалымдардың оң пікірлеріне ие болды. Авторлар ұжымы әлеуметтік лингвистика саласы терминдерінің түсініктемесіне, жаңа ұғым-оралымдардың нормалық, терминдік сипатына қатысты құнды пікірлер айтқан мамандарға және сарапшыларға шынайы алғысын білдіреді.



## СӨЗДІКТІ ПАЙДАЛАНУ РЕТІ

Сөздік (сол жағы) қазақ әліпбиінің тәртібі бойынша түзілген. Сөз тіркестері алдыңғы сыңары бойынша ретпен орналастырылған, мыс., *Халық санағы – Перепись населения, Тілдің өміршеңдігі – Витальность языка, Мәдениетаралық коммуникациядағы кедергі – Барьер в межкультурной коммуникации*. Сөздік лұғатында (оң жағында) лексикографиялық ұстанымдарға негіздей отырып, ықшамдылық, орын үнемдеу мүддесінде жеке сөз, сөз тіркесі қысқартылған нысанда берілді, мыс., *Әлеуметтік лингвистика деректер банкі – Банк социолингвистических данных* – Б.с.д.

Лұғаттық термин курсив және басыңқы-қою шрифтімен берілген. Оған ілестіріле терминнің синонимі немесе варианты көрсетіледі; ал осы терминнің синонимі, яки жарыспалы нұсқасы алфавит ретімен келген жағдайда негізгі терминге сілтеме жасалады. Мыс., *Іріктеу* – қараңыз: *Іріктеудің жиынтығы*. Сөздікте терминдер қазақ әліпбиі жүйесімен орналастырылғанымен, аталымдарды блок бойынша жиынтықтаудың оңтайлы екендігі ескерілді. Осыған байланысты терминдер әлеуметтік лингвистика ғылымының теориялық аспектілері; әлеуметтік лингвистиканың ғылым ретінде қалыптасуы; әлеуметтік лингвистиканың бағыттары; зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі; әлеуметтік лингвистиканың негізгі түсініктері (бұл блок өз ішінде *Тіл саясаты және Тілді жоспарлау; Тілдік жарыспа және Тіл жарыспалылығы, Тілді сақтап қалу және Тіл қазасы және т.б. тәріздес бірнеше тармақшаларға ажыратылады*) типтес блоктарға топтастырылды. Сөздік сонымен қатар Қазақстандағы әлеуметтік лингвистика проблемаларын анықтауы және Қазақстан Республикасындағы тіл жағдаяты мен тіл саясаты турасында мүмкіндігінше толыққанды мағлұмат беруі жағынан да тиімді.

Лұғаттық терминнің ағылшын тіліндегі баламасы, сондай-ақ қысқаша этимологиялық анықтамасы берілген, мыс., *Амбилингвизм* (лат. *ambi* қосарлылық + *lingua* тіл), *Диаспора* (грек. *diaspora* – шашырау). Сызықша (–) белгісінен соң терминнің анықтамасы жазылған. Терминнің бірнеше мағынасы болған реттерде олар азатжолға бөлінбей, араб сандары және нүкте арқылы ажыратылған, мыс., *«Екінші тіл* – 1. Балалық шақтан меңгерілген тілдердің бірі. Екінші тіл – *Бірінші тілден* кейін меңгерілген тіл. Бұндай жағдайда екінші тіл *Ана тілі* ұғымына сәйкес келуі де, сәйкес келмеуі де мүмкін. 2. *Қостілділік* жағдайында *Тілдік құзырет* деңгейі екінші тіл бойынша – басым тілмен салыстырғанда қосалқы тіл. 3. Білім беру жүйесінде екінші тіл – шет тілі, *Тіл-мақсат* деген ұғымдарды білдіреді».

Терминдердің өзара жүйелі қарым-қатынастарын нақтылайтын сілтемелер мәтін ішінде де, сондай-ақ мәтін соңындағы анықтама түрінде де бас әріппен жазылып, курсивпен терілген. Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты және тілдің жай-күйі сипаттамасына тікелей қатысты қосымша ақпарат терминнің дефинициясынан кейін ұсынылды.

Сөздікте қазақ және орыс тілдеріндегі әлеуметтік лингвистика терминдердің екі алфавиттік көрсеткіші (қазақша-орысша және орысша-қазақша) бар, онда басыңқы-қою әріптермен термин көрсетілген бет, ал жай шрифтімен осы термин ұшырасатын беттер көрсетілген.

## ПРЕДИСЛОВИЕ

Система терминов социолингвистики как никакой другой лингвистической науки подвержена быстрым изменениям. Это объясняется целым рядом причин, в том числе междисциплинарным характером самой социолингвистики, интегрированной природой терминов социолингвистики, зависимостью задач социолингвистики как прикладной дисциплины от экстралингвистических обстоятельств. Все это подтверждает необходимость оперативного дефинирования терминов по социолингвистике, включения их в глоссарии к учебникам, а также создания специальных терминологических словарей. Кроме того поступательное движение социолингвистики требует осознанного и критического отношения к собственному концептуально-понятийному аппарату, который в настоящее время преодолевает нелегкий период освобождения от «иллюзий» и «мифов» советского периода и находится в стадии становления.

Двуязычный словарь был задуман как справочная книга, содержащая важнейшие сведения об основных социолингвистических терминах, и направлен на решение следующих задач: отразить современное состояние социолингвистических исследований; по возможности дать обзор направлений социолингвистики; охарактеризовать методы социолингвистики; определить основной состав терминов социолингвистики и, используя накопленный богатейший опыт, дать им словарные дефиниции; найти форму изложения, наиболее приемлемую для Словаря и для учебных целей (поскольку Словарь создавался как учебное пособие для изучающих курс социолингвистики и как пособие для тех, кто занимается социолингвистическими исследованиями).

Основные результаты работы над словарем социолингвистических терминов могут быть суммированы следующим образом:

- исследован основной корпус социолингвистической терминологии в доступных лексикографических и социолингвистических источниках на казахском, русском и английском языках с момента оформления социолингвистики как самостоятельной науки до начала нового века;
- осуществлены упорядочение, критический лексикографический анализ и систематизация имеющегося терминологического корпуса социолингвистики;
- осуществлены отбор единиц словника и концептуализация единиц собранного корпуса терминов социолингвистики;
- в необходимом объеме осуществлена нормирующая и унифицирующая деятельность по формированию дефиниций отобранных терминов;
- выделены терминологические единицы, ранее не получавшие определения – они введены в Словарь в качестве самостоятельных лемм и для них созданы словарные терминологические дефиниции, в целом дефинировано около 650 социолингвистических терминов;
- ко многим терминам приведены эквиваленты терминов на английском языке;
- ко многим терминам дана этимологическая справка;
- для части терминов определены источники их появления и формирования;

- с помощью взаимных курсивных отсылок в самом тексте словарной статьи и в ее конце в виде справок уточнены системные отношения между терминами.

Термины социолингвистики даны в левой (казахской) части Словаря в строго алфавитном порядке, термины правой части (на русском языке) не следуют алфавитному порядку.

Корпус терминов внутренне четко структурирован по блокам: теоретические аспекты социолингвистики как науки, связи социолингвистики с другими смежными и вспомогательными науками, формирование социолингвистики как науки, направления социолингвистики, методология и методика социолингвистических исследований, основные понятия социолингвистики, которые, в свою очередь, также распределяются по проблемным блокам (языковая политика и языковое планирование, языковое варьирование и варианты языка, сохранение и смерть языка и др.). Специфика словаря создается также тем, что он по возможности отражает особенности казахстанской социолингвистической проблематики и дает достаточное представление о языковой ситуации и новой языковой политике в Республике Казахстан.

Словарь создан в лаборатории «Казахский язык: социолингвистические и психолингвистические исследования» при кафедре общего языкознания Казахского национального университета им. аль-Фараби. Пользуясь случаем, авторы выражают искреннюю признательность М. Акберди, Ж. Кузембековой, оказавшим значительную помощь в подготовке словаря к изданию. Четыре издания «Словаря социолингвистических терминов» (Алматы, 2002; Алматы, 2007), а также «Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов» (Алматы: Арман-ПВ, 2007; 2008) получили положительные отклики в зарубежной и казахстанской печати. Мы благодарим рецензентов, а также всех коллег, принявших участие в обсуждении предложенных дефиниций социолингвистических терминов, и надеемся, что Словарь станет предметом дальнейшего серьезного анализа и обсуждения.

## КАК ПОЛЬЗОВАТЬСЯ СЛОВАРЕМ

Социолингвистические термины в левой части расположены в Словаре в алфавитном порядке казахского языка. Если термин представляет собой словосочетание, он располагается по первому слову и в той форме, в которой обычно употребляется в социолингвистических текстах (без инверсии), напр., *Халық санағы – Перепись населения, Тілдің өміршеңдігі – Витальность языка, Мәдениетаралық коммуникациядағы кедергі – Барьер в межкультурной коммуникации* и т.п. В словарной статье на русском языке (в правой части) термин не повторяется, а дается в сокращенном виде, напр., *Банк социолингвистических данных – Б.с.д., Суржик – С.*

Заголовочный термин дается с заглавной буквы курсивом полужирным шрифтом. Следом за ним дается дублет (синоним) термина или его вариант, которые на своем месте имеют отсылку к основному термину «то же, что», напр., *Анкетный опрос – то же, что Анкетирование, Выборочная совокупность – то же, что Выборка.*

К заголовочному термину даются английские эквиваленты, кроме того каждый термин по возможности сопровождается краткой этимологической ссылкой, которая дается в круглых скобках, напр., *Амбилингвизм* (лат. *ambi* обоюдность, двойственность + *lingua* язык); *Билингвизм* (лат. *bi...* дву(х) + *lingua* язык); *Диаспора* (греч. *diaspora* рассеяние).

Затем после тире дается толкование термина. Если термин имеет несколько значений, то они приводятся без абзаца под арабскими цифрами с точкой, напр.: «*Второй язык – 1. По порядку усвоения в детстве (по времени индивидуального (онтогенетического) овладения языками Билингва) В.я. – это язык, усвоенный после Первого языка. В таком понимании В.я. может совпадать или не совпадать с Родным языком. 2. По уровню Языковой компетенции при Двужычии В.я. – это дополнительный язык по отношению к Доминирующему языку. В таком понимании В.я. может также совпадать или не совпадать с родным языком. 3. По порядку изучения в учебных заведениях В.я. – это второй иностранный язык, Язык-цель при обучении (см. Базовый язык)».*

В случае если внутри словарной статьи дается определение термина, он выделяется подчеркиванием.

Взаимные отсылки как в самом тексте словарной статьи, так и в ее конце в виде справок, уточняющих системные отношения между терминами, даются курсивом с заглавной буквы. Дополнительная информация следует после дефиниции термина, напрямую связанного с характеристикой языкового состояния, языковой ситуации, языковой политики в Республике Казахстан.

Словарь содержит также два алфавитных указателя терминов (казахско-русский и русско-казахский), в которых **полужирным шрифтом** указывается страница, где дается термин и словарная статья к нему, обычным шрифтом указываются страницы, на которых встречается данный термин.

## ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ:

ағыл. – ағылшын тілі  
ауыс. – ауыспалы мағына  
бас. – басы (басында)  
бел. – белорус тілі  
грек. – грек тілі  
ғ. – ғасыр  
ж. – жыл  
жж. – жылдары  
итал. – итальян тілі  
қаз. – қазақ тілі  
қара. – қараңыз  
лат. – латын тілі  
мақ. – мақала  
мыс. – мысалы  
нем. – неміс тілі  
ор. – орыс тілі  
салыс. – салыстырыңыз  
соң. – соңы (соңында)  
т.б. – тағы басқа  
фр. – француз тілі

## **СПИСОК СОКРАЩЕНИЙ:**

англ. – английский  
белорусс. – белорусский  
гл. обр. – главным образом  
греч. – греческий  
г. – год  
гг. – годы  
др. – другой  
итал. – итальянский  
каз. – казахский  
кон. – конец  
лат. – латинский  
мн.др. – многое другое  
напр. – например  
нач. – начало  
нем. – немецкий  
перен. – переносное значение  
проч. – прочий  
рус. – русский  
см. – смотри  
ср. – сравни  
ст. – статья  
в т.ч. – в том числе  
фр. – французский

**СӨЗДІК**

**СЛОВАРЬ**

**Абстанд** (нем. *abstand* арақашықтық) ағыл. *abstand* – *Диалект* емес, керісінше толыққанды *Тіл* деп есептелінетін *Тіл-жарыспа*, өйткені ол басқа тілдерден өзінің тілдік сипаттамалары арқылы ерекшеленеді. Олардың арасындағы тілдік арақашықтық абстандтың *Аусбаудан* айырмаланатын дербес тіл ретіндегі мәртебесіне ешбір күдік болмауы үшін әбден жеткілікті. Туыстас тілдер екендігіне және ұқсастықтарына қарамастан қазақ және қарақалпақ тілдері әрқайсысы өз алдына дербес, сондықтан оларды әртүрлі абстанд деп есептеуге болады. Абстанд терминін неміс тілші-ғалымы Х. Клосс (1967) ұсынған (қара. *Акролект, Базилект, Стандарт тіл, Тіл дербестігі, Тілді қалыптандыру*).

**Автохтон тіл** (грек. *autochthon* жергілікті, негізгі) – 1. Солтүстік және Оңтүстік Американың байырғы тұрғындарының тілі, мыс., вакаш семьясы тілдері – Ванкувер аралындағы квакиютль және нутка; Австралия континенті оңтүстік бөлігінің оннан тоғызы сөйлейтін пама-нюнга тілдері және Австралияның солтүстігі мен солтүстік-батысындағы не-пама-нюнга емес тілдер. 2. *Ауыс*. Елдің байырғы, негізгі тұрғындарының тілі, мыс., қазақ тілі – Қазақстанның, моңғол тілі – Моңғолияның автохтон тілдері (қара. *Диаспора тілі, Диаспораның экзоген тілі, Диаспораның эндоген тілі, Жергілікті тіл, Мажоритар тіл, Миноритар тіл, Негізгі тіл, Негізгі ұлт тілі, Суперлект, Ұлттық тіл, Этникалық тіл*).

**Ад-хок болжамы** (лат. *ad hoc* осы жағдай үшін) – нақты бір дербес құбылысты түсіндіру / сипаттау үшін ұсынылатын және осы құбылыс туралы алдыңғы

**Абстанд** (от нем. *abstand* расстояние) англ. *abstand* – *Вариант-язык*, считающийся полноправным *Языком*, а не *Диалектом*, так как он значительно отличается от других языков своими языковыми характеристиками. «Языковое расстояние» между ними достаточно для того, чтобы не возникало сомнений в особом статусе А. как отдельного языка, отличающегося от *Аусбау*. Казахский и каракалпакский языки, несмотря на свое родство и сходство, достаточно автономны, чтобы считаться разными А. Термин А. предложен немецким лингвистом Х. Клоссом (1967) (см. *Автономность языка, Акролект, Базилект, Кодификация языка, Стандартный язык*).

**Автохтонный язык** (от греч. *autochthon* местный, коренной) – 1. Язык коренного населения Северной и Южной Америки, напр., языки семьи вакаш – квакиютль и нутка на о. Ванкувер; языки пама-нюнга, на которых говорят девять десятых южной части австралийского континента, и языки не-пама-нюнга, занимающие север и северо-запад Австралии. 2. *Перен.* Язык коренного, исконного населения страны, напр., казахский язык – А.я. Казахстана, монгольский язык – А.я. Монголии (см. *Коренной язык, Мажоритарный язык, Местный язык, Миноритарный язык, Национальный язык, Суперлект, Титульный язык, Экзогенный язык диаспоры, Эндогенный язык диаспоры, Этнический язык, Язык диаспоры*).

**Гипотеза ад-хок** (от греч. *hypothesis* предположение и лат. *ad hoc* для данного случая) – *Гипотеза*, принимаемая для объяснения / описания данного отдельного явления и не



тұжырымдармен байланысты емес болжам (қара. *Теория*).

**Адресант** (нем. *Adressant* жіберуші) ағыл. *speaker* – 1. Бір тілде қарым-қатынас жасаған кезде немесе *Кодтардың алмасуы* кезіндегі коммуникация үшін *Сөйлеуші*, *Сұхбат жүргізуші*. 2. *Коммуникативтік жағдаят* компоненттерінің бірі (бұндай компоненттер қатарына *Адресат*, сөйлеуші мен *Тыңдаушы* арасындағы қарым-қатынастар, ресми-бейтарап-достық шырайлы сияқты реңктер, қарым-қатынастың құралдары, әдістері, жүзеге асырылған орны жатқызылады). 3. Ақпаратты жіберуші адам, сөйленісті туындататын ақпараттық, эмотивті, донативті іс-әрекеттің субъектісі (қара. *Коммуникант*, *Кілт*, *Сөйлеу актілер теориясы*, *Сөйлеу актісі*, *Сөйлеу этнографиясы*, *Фрейм*).

**Адресат** (нем. *Adressat* алушы) ағыл. *addressee* – 1. Бір тілде қарым-қатынас жасаған кезде немесе *Кодтардың алмасуы* кезіндегі *Тыңдаушы*, сұхбаттасушы, коммуникациядағы әріптес (жеке адам; бірнеше адам; жиналған қауым). 2. *Коммуникативтік жағдаят* компоненттерінің бірі (бұндай компоненттер қатарына *Адресант* мен *тыңдаушы* арасындағы қарым-қатынастар, ресми-бейтарап-достық шырайлы сияқты реңктер, қарым-қатынастың құралдары, әдістері, жүзеге асырылған орны жатқызылады). 3. Ақпараттық, эмотивті немесе донативті іс-әрекет бағытталған адам (қара. *Коммуникант*, *Коммуникация*, *Кілт*, *Сөйлеу актілер теориясы*, *Сөйлеу актісі*, *Сөйлеу этнографиясы*, *Фрейм*).

связанная с предшествующими знаниями об этом явлении (см. *Теория*).

**Адресант** (от нем. *Adressant* отправитель) англ. *speaker* – 1. *Говорящий*, собеседник, партнер коммуникации при *Общении* на одном языке или при *Переключении кодов*. 2. Один из компонентов *Коммуникативной ситуации* (наряду с *Адресатом*, отношениями между *Говорящим* и *Слушающим*, тональностью (*официальная – нейтральная – дружеская*), средствами, способами, местом общения). 3. Лицо – отправитель информации, субъект информативного, эмотивного или донативного действия, порождающий высказывание и т.д. (см. *Ключ*, *Коммуникант*, *Коммуникация*, *Речевой акт*, *Речь*, *Теория речевых актов*, *Фрейм*, *Этнография речи*).

**Адресат** (от нем. *Adressat* получатель) англ. *addressee* – 1. *Слушающий*, собеседник, партнер коммуникации, в том числе аудитория при *Общении* на одном языке или при *Переключении кодов*. 2. Один из компонентов *Коммуникативной ситуации* (наряду с *Адресантом*, отношениями между *Говорящим* и слушающим, тональностью (*официальная – нейтральная – дружеская*), средствами, способами, местом общения). 3. Лицо, к которому обращено информативное, эмотивное или донативное действие (см. *Ключ*, *Коммуникант*, *Коммуникация*, *Речевой акт*, *Речь*, *Теория речевых актов*, *Фрейм*, *Этнография речи*).

**Адстрат** (лат. *ad* жанындағы, маңайындағы + *stratum* қабат) ағыл. *adstrate* – ұзақ мерзім бойында, жаппай және қарқынды өзара ықпал жағдайында бір тілдің екінші тілге әсерінен (*Тілдік қатынастан*) туындайтын белгілердің, қасиеттер мен сипаттардың жиынтығы. Адстрат – *Субстратқа*, *Суперстратқа* қарама-қарсы түсінік. Адстрат жағдайында *Ықпал* және бір тілдің басқа тілге сіңісіп кету үдерісі жүрмейді, мыс., IX–XI ғасырлардағы скандинав тілдерінің ағылшын тіліне әсері шекаралық *Ареалдарда* белорус-литва тілдерінің бір-біріне ықпалы. Терминді итальян лингвисті М. Дж. Бартоли ұсынған (қара. *Интерференция*, *Конвергенция*, *Қосарланған елдер*, *Қостілді қауымдастық*, *Мозаика елдер*, *Тілдердің араласуы*, *Тілдердің конвергентті дамуы*, *Тілдік континуум*).

**Ажалды тіл** ағыл. *moribund language* – *Жоғалу жолындағы тіл* ұғымымен бірдей.

**Азаматтық сәйкестілік** ағыл. *civic identity* – тұлға *Сәйкестілігінің* бір түрі, тұлғаның өзінің белгілі бір мемлекетке тиесілігін сезінуі (өз-өзін сезіну, өз-өзін теңдестіру, өз-өзін анықтау). (қара *Әлеуметтік сәйкестілік*, *Гендер сәйкестілігі*, *Діни сәйкестілік*, *Жас сәйкестілігі*, *Кәсіби сәйкестілік*, *Сәйкестендіру*, *Тілдік сәйкестілік*, *Этникалық сәйкестілік*).

**Аймақтық тіл** ағыл. *regional language* – аумақ жағынан шектеулі *Тіл*, ол *Ұлтаралық*

**Адстрат** (от лат. *ad* при, около + *stratum* слой, пласт) англ. *adstrate* – совокупность черт, признаков, свойств языка, вызванных влиянием одного языка на другой в условиях длительного, массового и интенсивного взаимодействия (*Языковых контактов*). А. – понятие, противоположное *Субстрату*, *Суперстрату*. При А. не происходит *Ассимиляции* и растворения одного языка в другом, напр., скандинавское влияние на английский язык в IX – XI вв., белорусско-польское и белорусско-литовское взаимовлияние в пограничных *Ареалах*. Термин был введен итальянским неолингвистом М. Дж. Бартоли (см. *Двоичные страны*, *Двуязычная общность*, *Интерференция*, *Конвергентное развитие языков*, *Конвергенция*, *Мозаичные страны*, *Смешение языков*, *Языковой континуум*).

**Умиращий язык** англ. *moribund language, language on the point of extinction* – то же, что *Исчезающий язык*.

**Гражданская идентичность** (от лат. *identicus* тождественный) англ. *civic identity* – одна из *Идентичностей* личности, осознание (самоосознание, самоотожествление, самоопределение) личностью своей принадлежности к государству (см. *Возрастная идентичность*, *Гендерная идентичность*, *Идентификация*, *Профессиональная идентичность*, *Социальная идентичность*, *Религиозная идентичность*, *Этническая идентичность*, *Языковая идентичность*).

**Региональный язык** (от лат. *regio/regionis* область, округ, район) англ. *regional language* –

*тіл* қызметін атқара алады; мыс., Канаданың француздар тұратын аймақтарындағы француз тілі (*Ресми тіл* болып табылады), Индонезиядағы яван тілі (қара. *Жергілікті тіл, Мемлекеттік тіл, Тіл мәртебесі, Тіл мәртебесін жоспарлау, Тіл саясаты, Халықаралық тіл*).

**Айрықша белгі** ағыл. *marker* – элеуметтік факторларға (*Элеуметтік жарыспалау*) және стильге (*Стильдік жарыспалау*) тәуелділігі арқылы сипатталатын *Элеуметтік лингвистикалық өзгермелілік*. Тілді пайдаланушылар, әдетте, айрықша белгінің бар екенін айқын сезінеді, әрбір жарыспа нұсқа элеуметтік ақпаратқа ие және ол сөйлеушінің элеуметтік *Сәйкестілігін* жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мыс., қазақ тіліне енген «вагон» деген кірме сөздің бастапқы дыбысының [п / б] немесе [в] болып айтылуы әралуан элеуметтік топтарға, сөйлеушінің білім деңгейіне сәйкес келеді (қара. *Гендерлект, Индикатор, Кодтардың алмасуы, Социометрия, Статистикалық талдау, Стереотип*).

**Айрықшалану** ағыл. *markedness* – таңбаланған, ресімделген, айқындалған; коррелятивті белгінің болуы. Мыс., түсіндірме сөздіктерде стильдік айрықшалану кітаби, *Қарапайым тіл*, ауызекі сөйлеу тілі, ресми-іскери, көтеріңкі, дәстүрлі-поэтикалық және т.б. тәріздес сөздік белгілерімен көрсетіледі. Тіл құрылымының барлық қаттауларына тән тілдік бірліктердің элеуметтік айрықшалануы олардың қайсыбір *Элеуметтік рөлге* және топтарға қарым-қатысының сипаты арқылы көрініс табады

территориально ограниченный *Язык*, который может служить *Межнациональным языком*, напр., французский язык (являющийся *Официальным языком*) во французских провинциях Канады, яванский в Индонезии (см. *Государственный язык, Международный язык, Местный язык, Статус языка, Статусное планирование, Языковая политика*).

**Маркер** (от англ. *marker* < *to mark* отмечать, обозначать) – *Социолингвистическая переменная*, характеризующаяся зависимостью от социальных факторов (*Социальная вариация*) и стиля (*Стилистическая вариация*). Носители языка, как правило, ясно осознают существование М., каждый вариант несет социальную информацию и позволяет осуществлять социальную *Идентификацию* говорящего. Напр., произношение [п/б] или [в] в начале заимствованного в казахский язык слова «вагон» ассоциируется с разными социальными слоями и образовательным уровнем говорящего (см. *Гендерлект, Индикатор, Переключение кодов, Социометрия, Статистический анализ, Стереотип*).

**Маркированность** (от англ. *marker* < *to mark* отмечать, обозначать) англ. *markedness* – отмеченность, оформленность, выраженность; наличие коррелятивного признака. Напр., стилистическая М. в толковых словарях выражается такими словарными пометами, как книжное, *Просторечие*, разговорное, официально-деловое, высокое, традиционно-поэтическое и т.п.; социальная М. языковых единиц, характерная для всех уровней языковой структуры, проявляется в характере их соотношения с теми или иными *Социальными ролями* и группами (см. *Микросоциальная*

(қара. *Әлеуметтік топ, Микроәлеуметтік қауымдастық, Тілдік қауымдастық*).

**Айтылым** ағыл. *talking* – Сөйлеу іс-әрекетінің өнімді түрлерінің бірі; айтылым және Тыңдалым арқылы ауызша вербалды қарым-қатынас жүзеге асырылады (қара. *Адресант, Адресат, Сөйлеу актісі, Сөйлеу іс-әрекеті, Сөйлеуші, Тыңдаушы*).

**Айырым** ағыл. *exclusion* – Тіл идеологиясының бір түрі, миноритар *Этникалық топтың Маргиналдауына* бағытталған (қара. *Вернакуландыру, Вестерндендіру, Маргиналдық, Миноритар тіл, Тіл саясаты, Тілдік жағдаят, Тілдік жоспарлау*).

**Академия** (грек. *akademia*) ағыл. *academy* – тілдің дамуына бақылау жасау мүддесінде құрылған мемлекеттік немесе қоғамдық институт. Академия грамматиканы, сөздіктерді (соның ішінде ортологиялық сөздіктері де) жариялайды, *Норма, Тілді қалыптандыру, Тілді нормаландыру, Тіл корпусын жоспарлау* мәселелерімен дәйекті түрде шұғылданады. Алғашқы Академиялар – Италиян Академиясы (1512), Француз Академиясы (1634), Ресей Академиясы (1783). Қазақстанда Академия 1946 ж. ашылды, А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты 1961 ж. бастап жұмыс істейді. Академия қазақ тілінің ұлттық корпусын қалыптастыру саясатын жүргізеді. Қазіргі таңда Академия әлемнің көптеген елдерінде бар, көп ретте Академияның құрылуы *Ұлттық тілдің қалыптасуы, жан-жақты сипаттау бағытымен* сәйкес келеді. Бірқатар елдерде Академия *Пуризм* саясатын жүргізеді (қара. *Стандарттау, Тіл мәртебесін жоспар-*

*общность, Социальная группа, Языковая общность*).

**Говорение** англ. *talking* – один из *Продуктивных видов речевой деятельности*, посредством Г. совместно с *Аудированием* осуществляется устное вербальное общение (см. *Адресант, Адресат, Говорящий, Речевая деятельность, Речевой акт, Слушающий*).

**Исключение** англ. *exclusion* – разновидность *Языковой идеологии*, направленная на *Маргинализацию миноритарной Этнической группы* (см. *Вернакулизация, Вестернизация, Маргинальность, Миноритарный язык, Языковое планирование, Языковая политика, Языковая ситуация*).

**Академия** (от греч. *akademia*) англ. *academy* – государственный или общественный институт, созданный для контроля за развитием языка. А. издает грамматики, разные типы словарей, в том числе ортологические словари, последовательно занимается проблемами *Нормы, Нормализации языка, Кодификации языка, Корпусного планирования языка*. Первыми академиями были Италиянская А. (1512), Французская А. (1634), Российская А. (1783). А. в Казахстане была зарегистрирована в 1946 г., Институт языкознания им. А. Байтұрсынова – в 1961 г. А. проводит политику формирования национального корпуса казахского языка. Сегодня А. существуют во многих странах мира, часто учреждение А. совпадает с созданием, признанием и полноценным описанием *Национального языка*. Во многих странах А. проводят политику *Пуризма* (см. *Стандартизация, Статусное планирование языка,*

лау, Тілдік жоспарлау, Тілдерді реттеу, Тілдік сана-сезім).

**Аккомодация** (лат. *accomodatio* бейімделу) ағыл. *accomodation* – Коммуникативтік акті кезінде адамдардың *Акцентті, Диалектіні, Тіл-жарыспаларды*, басқа да тілдік сипаттамаларды өзара, бір-біріне сәйкес келтіре, бейімдеуі нәтижесін танытатын үдеріс. Г. Гилс ұсынған аккомодация теориясы бойынша, аккомодацияның екі түрі болуы мүмкін: біріншісі – *Конвергенция*, яғни *Сөйлеуші* өзінің сөзін коммуникативтік актіге қатысушы басқа адамдардың сөзіне ұқсастырады (жақындатады) және екіншісі – *Дивергенция* (бұл сирегірек ұшырасады), сөйлеуші әлеуметтік ара-алшақтықты көрсеткісі келген ниетпен немесе мақұлдамайтындығын білдіргісі келген жағдайда өзінің сөзін сұхбаттасушының сөзіне ұқсамайтындай етеді (қара. *Адресант, Адресат, Әңгіме менеджменті, Мәдениетаралық коммуникациядағы кедергі, Сөйлеу актісі, Сөйлеу этнографиясы, Тілдердің араласуы, Тілдік қатынас*).

**Аккультурация** (лат. *accumulare* жинақтау + *cultura* өңдеу) ағыл. *acculturation* – 1. Әртүрлі *Мәдениеттердің* және қоғамдық қатынастар тұрғысымен дамыған халықтың мәдениеті басымырақ болған жағдайда мәдениет үлгілерінің өзара ұқсастырылуы және бір-біріне бейімделуі. 2. Бір халықтың қалыптасқан жеке тұлғаның екінші мәдениетті (*Қосалқы мәдениетті*), оның элементтерін, прецедентті мәтіндерді, сөйлеу қалыбының *Стереотиптерін* және т. б. бойына сіңіру үдерісі. Аккультурация шетел тілдерін оқып-үйренуде айрықша

*Языковое планирование, Языковое регулирование, Языковое самосознание*).

**Аккомодация** (от лат. *accomodatio* приспособление) англ. *accomodation* – процесс, в результате которого участники *Коммуникативного акта* взаимно приспособливают свой *Акцент, Диалект, Вариант языка* и другие языковые характеристики. Согласно теории А., предложенной Г. Гилсом, А. может быть двух видов: *Конвергенция*, при которой *Говорящий* уподобляет (сближает) свою речь речи других участников коммуникативного акта, и реже – *Дивергенция*, когда говорящий, желая подчеркнуть социальную дистанцию или неодобрение, делает свою речь непохожей на речь собеседников (см. *Адресант, Адресат, Речевой акт, Барьер в межкультурной коммуникации, Менеджмент разговора, Смешение языков, Этнография речи, Языковой барьер, Языковой контакт*).

**Аккультурация** (от лат. *accumulare* накапливать + *cultura* возделывание) англ. *acculturation* – 1. Взаимное уподобление и приспособление различных *Культур* и ее фрагментов при возможном доминировании культуры более развитого в общественном отношении народа. 2. Процесс усвоения личностью, сформировавшейся в одной культуре, элементов другой культуры (*Субкультуры*), в том числе прецедентных текстов, *Стереотипов* речевого поведения и др. А. имеет особое значение при изучении иностранных языков (см. *Антропологическая*



маңызға ие (қара. *Антропологиялық константа, Антропологиялық лингвистика, Элеуметтену, Инкультурация, Мәдениетаралық коммуникациядағы кедергі, Сөйлеу этнографиясы, Тіл меңгеру деңгейі*).

**Акролект** (грек. *akros* жоғары + (*dia*) *lektos* диалект) ағыл. *acrolect* – элеуметтік *Диалектілер (Социолектілер)* континуумында айрықша беделді болып есептелетін *Тіл-жарыспасы*. Элеуметтік жағынан төмен мәртебеге ие тіл жарыспалар *Мезолектілер* және *Базилектілер* деп аталады. Акролект аталымы посткреолды континуумдағы *Тілдік жағдаятты* сипаттауда жиі қолданылады, мыс., ағылшын тілі Ямайкада акролект, ямайкалық креол – базилект, басқа тіл-жарыспалар – мезолект болып саналады (қара. *Жарыспалану, Тіл беделі, Тілдік қақтығыс*).

**Актуация** (ағыл. *actuate* қозғалысқа түсіру, ниеттендіру) ағыл. *actuation* – тіл өзгерісінің басталуы немесе себептері. Актуация аталымы тіл өзгерісінің әралуан қырларын ажыратуға, танып-білуге септігін тигізеді. Айталық, өзгерістер *не себептен* және *қай тұстан* басталады, өзгерістер *неліктен* нақ осы *мерзімде* және осы жағдайда басталады, жаңа *Тіл-жарыспалар* қалайша пайда болады тәріздес сауалдарға актуация термині арқылы жауап беруге болады (қара. *Жарыспалану, Жарыспалылық, Инноватор, Тарихилық, Тілдің дамуы, Урболингва*).

**Акцент** (лат. *accentus* дауысты жоғарылату, екпін) ағыл. *accent* – 1. Екпін (әралуан суперсегменттерді пайдалана отырып, буынды, сөзді, фразаны ажыратып жеткізу).

*константа, Антропологическая лингвистика, Барьер в межкультурной коммуникации, Инкультурация, Социализация, Уровень владения языком, Этнография речи*).

**Акролект** (от греч. *akros* высокий + (*dia*) *lektos* диалект) англ. *acrolect* – *Вариант языка*, считающийся наиболее престижным в континууме социальных *Диалектов (Социолектов)*. Другие варианты языка, имеющие более низкий социальный статус, называются *Мезолектами* и *Базилектами*. Термин А. часто используется при описании *Языковой ситуации* в посткреольном континууме, напр., английский язык на Ямайке является А., ямайский креол – базилектом, другие варианты – мезолектами (см. *Варьирование, Престиж языка, Языковой конфликт*).

**Актуация** (от англ. *actuate* приводит в движение, побуждать) англ. *actuation* – начало или причины изменения языка. Использование термина А. помогает различать разные аспекты изменения языка: *почему* начинаются изменения, *где* начинаются изменения, *почему* изменения начинаются именно в это время и в этом месте, как возникают новые *Варианты языка* (см. *Вариативность, Варьирование, Инноватор, Историчность, Развитие языка, Урболингва*).

**Акцент** (от лат. *accentus* повышение голоса, ударение) англ. *accent* – 1. Ударение (выделение слога, слова, фразы с помощью различных суперсегментных средств).

2. *Екінші тілде* белгілі бір ерекшеліктермен сөйлеу (ағылшын тілінде сөйлеген кезде қазақ тілінің табиғи сипаттарының немесе қазақ тілінде сөйлеген кезде ағылшын тілінің артикуляциялық дағдысының байқалуы – қазақша акцент, ағылшынша акцент), бұл ретте *Ана тілінің* артикуляциялық дағдылары еріксіз көрініс табады, фонетикалық деңгейде *Интерференция* байқалады. Акцент бір тілдің өз ішінде де болуы мүмкін (диалектілік акцент), мыс., Қазақстанның кейбір жерлерінде [ш] дыбысының орнына [ч] дыбысы айтылады; солтүстік өңірдегі орыс ұлтының тілінде [о] дыбысы жиі қолданылады. Дыбыстардың айтылуында, екпін мен интонацияда, сөз ырғағында акцент айқын аңғарылады (қара. *Адстрат, Аккомодация, Актуация, Аралас тіл, Гиперкоррекция, Субстрат, Суперстрат, Тілдердің араласуы, Тілдік қатынас*).

**Ақпараттық тіл** – ақпараттық-іздістіру жүйесінде қолданылатын *Жасанды тіл*; ақпараттық тіл құжаттың мазмұнын нақты жазып алуға мүмкіндік береді; ақпаратты іздеуді автоматтандыру, мәтінді өңдеу және қысқарту, машиналық аударма үшін пайдаланылады. Ақпараттық тілде көпмағыналылық, синономия, омонимия және т.б. жоқ. Ақпараттық тілдің төмендегідей түрлері бар: біріншісі – ақпараттық-іздістіру тілдері; бұл ақпаратты жазу, жинақтау, жүйелеу, талдау және беру үшін керек. Мыс., кітапхана ісіндегі Әмбебап ондық жіктеме (ӘОЖ) осыған жатады. Екіншісі – ақпараттық-логикалық тілдер; бұл формалды-логикалық байланыстар мен үлгілерді игеру арқылы білімді жеткізу үшін қолданылады; мыс., В.В. Мартыновтың Әмбебап семантикалық

2. Своеобразное произношение на *Втором языке* (казахский А. в английском языке, английский А. в казахском языке и т.п.), в котором непроизвольно проявляются артикуляционные навыки *Родного языка*; проявление *Интерференции* на фонетическом уровне. А. может наблюдаться и внутри одного языка (диалектный А.), напр., произношение [ч] вместо [ш] в речи казахов; оканье в речи русских-северян. Наиболее заметно А. проявляется в произношении звуков, интонации, ударении, темпе речи (см. *Адстрат, Аккомодация, Актуация, Гиперкоррекция, Смешанный язык, Смешение языков, Субстрат, Суперстрат, Языковой контакт*).

**Информационный язык** (от лат. *informatio* сообщение) – *Искусственный язык*, используемый в информационно-поисковых системах; И.я. позволяет однозначно записывать смысл документа, используется для автоматизации поиска информации, для переработки и сокращения текста, машинного перевода и т.п. И.я. свойственно отсутствие многозначности, омонимии, синонимии и др. Среди И.я. различают информационно-поисковые языки (используются для записи, накопления, систематизации, анализа и выдачи информации, напр., Универсальная десятичная классификация (УДК), используемая в библиотечном деле) и информационно-логические языки (используются для представления знаний с использованием формально-логических связей и моделей,

коды. Ақпараттық тіл типологиялық жіктемелерге таратылады (қара. *Бағдарламалау тілдері, Қосалқы тіл II, Халықаралық тіл*).

**Амбилингв** (лат. *ambi* екіжақтылық, қосарлылық + *lingua* тіл) ағыл. *ambilingual* – екі немесе бірнеше тілдерді тең дәрежеде меңгерген *Қостілді адам* (қара. *Амбилингвизм, Көптілділік, Қостілділік, Семилингв, Семилингвизм, Тілдік қатынас*).

**Амбилингвизм** (лат. *ambi* екіжақтылық, қосарлылық + *lingua* тіл + *-изм*) ағыл. *ambilingualism* – *Қостілділіктің* бір түрі; *Қостілді адамның* екі тілді тең дәрежеде білуі; бір тілде сөйлеген кезде *Сөйлеу іс-әрекетінің* барлық түрінде де екінші тілдің ешбір белгісі байқалмайтындай деңгейде екі тілді меңгеру. Амбилингвизм өте сирек ұшырасады, қостілді адамдардың көпшілігі үшін меңгерілген тілдің бірі негізгі (*Бірінші тіл, Ана тілі, Басым тіл*) болып, ал екіншісі – *Екінші тіл* болып саналады (қара. *Көптілділік, Қостілділік, Семилингв, Семилингвизм, Тілдік қатынас*).

**Америка әлеуметтік лингвистикасы** ағыл. *American sociolinguistics* – бұл саланың аймақтық мектебі немесе бағыттары жоқ. Америка әлеуметтік лингвистикасының дамуы Америка тіл біліміндегі *Бихевиоризм* және *Антропологиялық лингвистика* дәстүрлерімен байланысты. Америка әлеуметтік лингвистикасы туралы мәліметтер Д. Хаймстың, У. Лабовтың, Ч. Фергюсонның, С. Эрвин-Трипптің, Дж. Гамперцтің еңбектерінде көрсетілген.

напр., Универсальный семантический код В.В. Мартынова). И.я. подвергаются типологическим классификациям (см. *Вспомогательный язык, Международный язык, Языки программирования*).

**Амбилингв** (от лат. *ambi* обоюдность, двойственность + *lingua* язык) англ. *ambilingual* – *Билингв*, в равной степени владеющий двумя (и более) языками (см. *Амбилингвизм, Билингвизм, Двужычие, Многоязычие, Семилингв, Семилингвизм, Языковой контакт*).

**Амбилингвизм** (от лат. *ambi* обоюдность, двойственность + *lingua* язык + *-изм*) англ. *ambilingualism* – разновидность *Двужычия*; одинаково хорошее знание и использование *Билингвом* обоих языков без всяких следов одного языка в другом во всех видах *Речевой деятельности*. А. встречается крайне редко, для большинства билингвов один из языков является основным (*Первым языком, Родным языком, Доминирующим языком*), другой – *Вторым языком* (см. *Билингвизм, Многоязычие, Семилингв, Семилингвизм, Языковой контакт*).

**Американская социолингвистика** англ. *American sociolinguistics* – характеризуется отсутствием локально оформленной школы или направления. Развитие А.с. связано с традициями *Бихевиоризма* и *Антропологической лингвистики* в американском языкознании. А.с. представлена работами Д. Хаймса, У. Лабова, Ч. Фергюсона, С. Эрвин-Трипп, Дж. Гамперца и др. А.с. сосредоточена на изучении соотношения *Языка и общества*, языковых и социальных струк-



Америка әлеуметтік лингвистика ғылымы *Тіл және Қоғамның*, тілдік және әлеуметтік құрылымдардың өзара қарым-қатынастарын, *Коммуникацияны* модельдеу бағыттарын қарастырады. Америка әлеуметтік лингвистикасы *Әлеуметтік лингвистиканы* *Макроәлеуметтік лингвистика* және *Микроәлеуметтік лингвистика* тармақтарына бөлуді ұсынды, тілдік және әлеуметтік факторларды зерттеу үшін бірегей модель жасады (Д. Хаймс, У. Лабов), *Диглоссия* теориясының негізін қалады (Ч. Фергюсон), *Тілдік жағдаяттың* және *Тілдік жоспарлау* аспектілерінің бағыттарын айқындады, *Өрістік зерттеудің* тетіктерін реттеді (қара. *Әлеуметтану бағыты*, *Сөйлеу этнографиясы*).

**Ана тілі** ағыл. *mother tongue* – 1. Ересектердің тіліне еліктей отырып, баланың сәби шақта саналы емес түрде меңгерген тілі; адамның есейген шағында пайдалану дағдылары сақталуы немесе жоғалуы мүмкін. Ана тілі *Бірінші тіл*, *Екінші тіл*, *Басым тіл* бола алады. 2. Кез келген халықтың *Тілдік санасында* маңызды орын алатын, «өзімдікі» және «бөгде» деген ұғымдарды ажырататын менталды *Стереотиптердің* іс-әрекетіне байланысты, этноспен *Сәйкестілік* тілі. Б.Х. Хасановтың көзқарастары бойынша, ана тілі – этникалық категория: әлемдегі басқа тілдердің қай-қайсысынан да өзінің ішкі құрылымы арқылы айрықшаланатын, тарихи тұрғыдан сандық көлеміне қарамастан нақты бір *Этносқа* (тайпаға, *Ұлысқа*, халыққа, *Ұлтқа*) тиесілі, осы этностың *Этникалық сана-сезімінде* бекітілген, этникалық қажеттіліктерді толық қанағаттандыру үшін

тур, моделирования *Коммуникации* и др. А.с. предложено деление *Социолингвистики* на *Макросоциолингвистику* и *Микросоциолингвистику*, разработаны единые модели для изучения языковых и социальных фактов (Д. Хаймс, У. Лабов), заложены основы теории *Диглоссии* (Ч. Фергюсон), обозначены направления в изучении *Языковых ситуаций* и аспектов *Языкового планирования*, отшлифована техника *Полевых исследований* и мн. др. (см. *Социологическое направление*, *Этнография речи*).

**Родной язык** англ. *mother tongue* – 1. Язык, усваиваемый ребенком в раннем детстве бессознательно, путем подражания речи взрослых, и навыки использования которого могут сохраняться или утрачиваться взрослым человеком. Р.я. может быть *Первым языком*, *Вторым языком*, *Материнским языком*, *Доминирующим языком*. 2. Язык *Идентификации* с этносом, занимающий важное место в *Языковом сознании* любого народа и связанный с действием ментальных *Стереотипов*, дифференцирующих понятия «свое» и «чужое». Согласно Б.Х. Хасанову, Р.я. – это этническая категория: любой *Естественный язык*, отличающийся по своей внутренней структуре от всех существующих в мире других языков и исторически принадлежащий конкретному *Этносу* (племени, *Народности*, народу, *Нации*), независимо от его численности, закрепленный в его *Этническом самосознании*, употребляемый им

өмірдің барлық салаларында (кем дегенде отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастарда) қолданылатын, тұрғылықты мекеніне, жынысына, *Жас* мөлшеріне, діни ұстанымына, наным-сеніміне, кәсіби мен қызмет түріне, әлеуметтік және әл-ауқат жағдайына қарамастан этностың барлық мүшелері үшін төлума ортақ құрал болып табылатын, кезкелген *Табиғи тіл*. Ана тілі нақты бір адам пайдаланған, пайдаланатын және пайдалана алатын, ауызша және жазбаша сөйлеудің тілдік нысаналарының жиынтығы ретінде де танылады, өйткені ана тілі ұғымы әрқашанда нақты жеке адамға қатысты, ана тілінің иесі тек жекелеген адамдар ғана бола алады. Әр адамның саусақ таңбаларының дербес болатыны сияқты стильді өзгертіп қолдану, қолтаңбаның, сөйленістің, ауызша, жазбаша сөйлеудің тілдік ерекшеліктерінің қайталанбайтындығы жағынан ана тілі де әрбір жеке адам үшін өзіндік сипатқа ие; демек, ана тілін пайдалануды реттейтін нормалардың көпшілігі азаматтардың жеке құқықтарымен байланысты (қара. *Менталдылық, Менталитет, Сана-сезім, Сәйкестендіру, Сәйкестілік, Тіл онтогенезі, Тіл филогенезі, Тілдік құқық, Тілдік сана, Тілдік сана-сезім, Тілдік сәйкестілік, Ұлт, Этникалық сәйкестілік, Этникалық тіл, Этнос*).

**Аналогия** (грек. *analogia* сәйкестік, ұқсастық) ағыл. *analogy* – тілдік бірліктердің формалды немесе семантикалық жағынан өзіне ұқсас парадигмаға сәйкестенуі арқылы байқалатын тіл өзгерісінің үдерісі. Түркі тілдерінде қазір көптік жалғаудың кеңінен таралған нысаны *-lar* тұлғасы; алайда байырғы дәуірлерде көрсетілген аффикс басқа нысандармен салыстырғанда, си-

в различных сферах жизни (по крайней мере в семейно-бытовом общении) для полного удовлетворения этнических потребностей, исконно общее средство для всех членов *Этноса*, без различия места проживания, пола, *Возраста*, вероисповедания, убеждений, профессии и рода деятельности, социального и имущественного положения. Р.я. может быть представлен в виде совокупности языковых объектов устной или письменной речи, которые использовал, использует или может использовать конкретный человек, поскольку понятие Р.я. всегда связан с конкретным индивидуумом, носителями Р.я. могут быть только отдельные люди. Как отпечатки пальцев индивидуальны для каждого человека, так и Р.я. присущ ему в конкретной, личностной модификации стиля, почерка, говора или иных языковых особенностей устной или письменной речи, следовательно, большинство норм, регламентирующих использование Р.я., связано с личными правами граждан (см. *Идентификация, Менталитет, Ментальность, Нация, Онтогенез языка, Самосознание, Филогенез языка, Этническая идентичность, Этнический язык, Этнос, Языковая идентичность, Языковое право, Языковое самосознание*).

**Аналогия** (от греч. *analogia* соответствие, сходство) англ. *analogy* – процесс изменения языка, при котором единицы языка формально или семантически уподобляются единицам сходной парадигмы. В тюркских языках наиболее распространенной формой множественного числа является аффикс *-lar* и его фонетические варианты, хотя в глубокой древности этот аффикс был менее частым:

рек қолданылған; сөйтіп, аналогия бойынша барлық түркі тілдерінде дерлік *-lar* қосымшасы парадигмалық жағынан бірдейлестірілген. Аналогия – *Тілдің дамуындағы, Бірінші тілді және Екінші тілді* меңгерудегі маңызды фактор. Екінші тілді меңгеру теориясында айрықша ұлғайту термині жұмсалады; ол аналогия жан-жақты, әрі жаппай пайдаланылатындығын білдіреді (қара. *Гиперкоррекция, Тіл меңгеру деңгейі*).

**Антипозитивизм** (грек. *anti* қарама-қарсылықты білдіретін қосымша және лат. *positivus* жағымды, оң) ағыл. *anti-positivism* – элеуметтік пәндердің жаратылыстану ғылымдарынан айырмаланатын философиялық іргелі негіздемелері. Антипозитивизмнің ықпалы арқылы элеуметтік ғылымдарда төмендегідей маңызды өзгерістер болды: а) зерттеулер сыртқы факторларға емес, жеке адамдарға қарай бағыттала бастады; ә) зерттеулердің бағыттары эмоцияға және мораль мәселелеріне бет бұрды; б) сандық әдістерден гөрі интерпретациялау әдістері кеңінен қолданыла бастады; в) зерттеушінің субъективті ұстанымына, оның білім деңгейіне, ғалымның қабылдау көзқарасына жол ашылды. Антипозитивизм шұғыл нысанда (мыс., герменевтика) қорытудың, себеп-салдарлық қарым-қатынастарды түсіндірудің мүмкіндіктерін жоққа шығарады. Антипозитивизм зерттеулердің квалитативті әдістерінің эпистемиологиялық базасы болып табылады (қара. *Әдіснама, Элеуметтік лингвистика әдістері, Элеуметтік лингвистика деректерінің шынайылығы, Квалитатив тұрғыдан қарау, Квантитатив*

количество носителей данного языка по отношению к другим языковым коллективам в пределах государства, количество носителей данного языка по отношению к общей численности данной *Этнической группы*, количество носителей данного языка (как *Родного языка*) среди младшего поколения, соотношение количества *Билингвов* и *Монолингвов* (носителей данного языка), степень *Двуязычия* среди носителей данного языка и др. 3. Собственно лингвистические параметры, в том числе наличие *Литературного языка*, степень разработки и стабильности языковой *Нормы* как совокупности наиболее унифицированных, устойчивых и обязательных реализаций, внутрискруктурные параметры (скорость распространения языковых инноваций, устойчивость языка к иноязычному влиянию, наличие отраслевых терминологий, динамика развития лексикона и др.), наличие *Диалектов* и их отношение к литературному языку и др. 4. Социально-функциональные параметры, которые измеряются количеством социальных *Функций языка* и интенсивностью его использования в наиболее важных сферах жизни общества, в первую очередь, в образовании (основной сфере формирования *Языковой компетенции*), науке (гуманитарной и естественно-технической), *Средствах массовой информации*, административной деятельности и делопроизводстве, судопроизводстве, промышленных предприятиях и других сферах производства. 5. Национально-культурные параметры, в том числе национальное искусство, театр, кино, религия, различные виды литературы (художественной, лексикографической, религиозной, деловой, учебной, терминологической и пр.), традиционные

**Тілдің пайда болуы** ағыл. *origin of language* – адам өмірінің ең байырғы нысандарымен байланысты және қоғамның пайда болу кезеңіне, сөйтіп, белгілі әлеуметтік *Тіл қызметінің* пайда болу мерзіміне қатысты. Тілдің пайда болуы – философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық, физиологиялық және лингвистикалық мәнді иеленетін жалпы проблема. Антикалық философия дәстүрінде тілдің пайда болуының екі негізгі теориясы көрініс тапты: *фюсей* теориясы, бұған сәйкес тіл табиғи жолмен пайда болған, «табиғаттан туған»; (Лукреций Кар және т.б.); және *тесей* теориясы, бұл бойынша тіл жасанды жолмен, «нұсқау арқылы» пайда болған (Демокрит және т.б.). XIX ғ. ортасына дейін тілдің пайда болуына қатысты барлық теория жоғарыда аталған теориялардың варианттары түрінде болып келді, мыс., дыбыс еліктеуіш теориясы, әлеуметтік келісім теориясы, еңбек теориясы. Кейінірек тілдің пайда болуын философиялық тұрғыдан түсіну алғашқы қауымдағы адам ұжымының еңбек қызметі дамуының үздіксіз ішкі байланысы, қалыптаса бастаған адам санасының дамуы, қарым-қатынас нысандары мен тәсілдерінің дамуы арқылы анықталды. Психологиялық жақтан қарағанда тіл (оның ішінде тілдің алғашқы қауымдық нысандары да) психикалық өмірдің барлық жақтарына да қатысады, тіл ойлауды ғана емес, сонымен қатар қабылдауды, жадыны, қиял-елесті, назар аударуды, эмоцияны және

промыслы и др. (см. *Возрождение языка, Вытеснение языка, Исчезающий язык, Мертвый язык, Миноритарный язык, Смена языка, Смерть языка*).

**Происхождение языка** англ. *origin of language* – связано с наиболее архаичными формами жизни людей и относится ко времени возникновения общества и как следствия – появления определенных социальных *Функций языка*. П.я. – это общая проблема возникновения *Языка*, получающая философское, социологическое, психологическое, физиологическое и лингвистическое осмысление. В античной философской традиции существовали две основные теории П.я.: теория *фюсей*, согласно которой язык возник естественным путем, от «природы» (Лукреций Кар и др.), и теория *тесей*, утверждавшая, что язык возник искусственным путем, «по установлению» (Демокрит и др.). До середины XIX в. все теории П.я. представляли собой варианты этих теорий, напр., звукоподражательная теория, теория социального договора, трудовая теория. Позже философское осмысление П.я. определялось неразрывной внутренней связью развития трудовой деятельности первобытного человеческого коллектива, развития сознания формирующегося человека и развития форм и способов общения. С психологической точки зрения язык (в том числе в его первобытных формах) участвует в различных сторонах психической жизни, опосредуя не только мышление, но и восприятие, память, воображение, внимание, эмоциональные и волевые процессы, участвуя в мотивации поведения и т.д. Социолингвистическая сторона проблемы П.я.

ерік-жігер үдерістерін жанама сипаттайды, мінез-құлықтың уәждемесіне араласады. Проблеманың элеуметтік-лингвистикалық жағы алғашқы қауымдық ұжымдағы қарым-қатынастың элеуметтік функциясы туралы мәселеге барып тіреледі. Қарым-қатынас функциясы «тобырды, топты ын-таландырудан» мінез-құлықты қоғамдық реттеу қызметіне дейін, одан әрі таңбалық функцияға дейін (қарым-қатынас құралы нақты қатыстылықты иеленгенде, яғни нақты тіл қалыптасқан жағдайда) дамыды деген пікір кең тараған. Тілдің пайда болуы физиологиялық тұрғыдан *Сөйлеудің* негізін білдіретін функционалды жүйенің (мидың әртүрлі тарамдарын біріктіретін) пайда болуымен байланыстырылады. Лингвистикалық тұрғыдан *Коммуникацияның* тілге дейінгі нысандарынан адамға тән *Табиғи тілдің* қалыптасу үдерісі қарастырылады (қара. *Глоттогенез, Тіл моногенезі, Тіл онтогенезі, Тіл филогенезі*).

**Тілдің түні** (фр. *type* < грек *typos* таңба, нысан, үлгі) ағыл. *language type* – Тіл құрылысының ең жалпы және қысқаша сипаттамасы, тілдің жекелеген белгілеріне (морфологиялық құрылымы, грамматикалық мағынаны жеткізу тәсілдері, іс-әрекет объектісі мен субъектісін бейнелеу жолдары және т.б.) сүйенетін, тілдердің негізгі түрлері туралы жалпылама түсінік. Тілдің типіне төмендегідей ерекшеліктер тән: а) динамикалық, өйткені тілдер өзгерістерге бейім және бұл жайт тіл мен мүлдем кемшіліксіз деп саналған тіл типінің арасындағы қарым-қатынаста, сондай-ақ тілдің типологиялық жіктемедегі орнында өзгерістер тудыруы мүмкін; ә) синх-

сводится к вопросу о социальных функциях общения в первобытном коллективе. Распространено мнение, что функции общения развивались от «стадной стимуляции» к функции общественной регуляции поведения и затем к знаковой функции (когда средства общения получили предметную отнесенность, т.е. сформировали собственно язык). Физиологически П.я. связывается с возникновением функциональной системы (объединяющей различные зоны коры головного мозга), которая представляет собой основу *Речи*. С лингвистической точки зрения рассматривается процесс становления человеческого *Естественного языка* из доязыковых форм *Коммуникации* (см. *Глоттогенез, Моногенез языка, Онтогенез языка, Филогенез языка*).

**Тип языка** (от фр. *type* < греч. *typos* отпечаток, форма, образец) англ. *language type* – наиболее общая и краткая характеристика строя *Языка*, обобщенное представление об основных разновидностях языков, опирающееся на отдельные признаки (морфологическую структуру, способ выражения грамматического значения, способ выражения объекта и субъекта действия и др.). Т.я. присущи следующие характерные особенности: а) динамичность, поскольку языки подвержены изменениям, и это может привести к изменению соотношения между языком и идеальным Т.я., а также места в типологической классификации; б) синхронность, поскольку представления об идеальном Т.я.



рондылық, өйткені мүлдем кемшіліксіз деп саналған тілдің типі туралы түсініктер негізінен синхронды сипаттау арқылы жасалған; б) шарттылық, өйткені бір тілде әртүрлі тіл типінің белгілері ұштасуы мүмкін. Тілдер өз табиғаты тұрғысынан көптипологиялы. Мүлдем кемшіліксіз деп саналатын тілдің типіне толықтай сәйкес келетін тіл жоқ, сондықтан қайсыбір тілді нақты бір тип қатарына жатқызу белгілі дәрежеде шартты түрде жүзеге асырылады. Тілдің типінің ең кең тарағандардың ішінде: жалғамалы (мыс., қазақ тілі), флективті (мыс., орыс тілі), полисинтетикалық (мыс., чукот тілі), окшаулаушы (мыс., қытай тілі) (қара. *Тілдік әулет, Тілдердің әлеуметтік-функционалдық топтастырылуы*).

**Урбандану** (лат. *urbs* қала) ағыл. *urbanization* – 1. Қалаға шоғырлану; тұрғындардың және экономикалық өмірдің қалаға жиналу үдерісі. 2. Қала тұрмысы салтының жаппай таралуы (қара. *Жаһандану, Урболингвистика*).

**Урболект** (лат. *urbs* қала + *(dia)lektos* диалект) – *Этникалық тілдің қалалық түрі* (Е.А.Хасенов) (қара. *Идиом, Социолект, Тіл, Урбандану, Урболингва, Урболингвистика*).

**Урболингва** (лат. *urbs* қала + *lingua* тіл) – *Тіл-жарыспаларының, Тіл өмір сүруінің нысандарының қала шеңберіндегі әлеуметтік өзара ықпалының жиынтығы* (Е.А. Хасенов). Осындай анықтама бойынша урболингва қаладағы *Тілдік жағдаят* ұғымына сәйкес келеді. Шындығында да урболингваның мақсаты – қоғамдық-тілдік практиканың

создавались, в основном, на синхронных описаниях; в) условность, поскольку в каждом конкретном языке могут сочетаться признаки разных Т.я. Языки по своей природе политипологичны. Нет языка, который бы полностью соответствовал представлениям об идеальном Т.я., поэтому отнесение того или иного языка к определенному типу осуществляется в известной степени условно. Наиболее распространенными Т.я. являются: агглютинативный Т.я. (напр., казахский язык), флективный Т.я. (напр., русский язык), инкорпорирующий Т.я. (напр., чукотский язык), изолирующий Т.я. (напр., китайский язык) (см. *Семья языков, Социально-функциональная классификация языков*).

**Урбанизация** (от лат. *urbs* город + *-изация*) англ. *urbanization* – 1. Процесс сосредоточения населения и экономической жизни в городах. 2. Повсеместное распространение городского образа жизни (см. *Глобализация, Урболингвистика*).

**Урболект** (от лат. *urbs* город + *(dia)lektos* диалект) – городская разновидность *Этнического языка* (Е.А. Хасенов) (см. *Идиома, Социолект, Урбанизация, Урболингва, Урболингвистика, Язык*).

**Урболингва** (от лат. *urbs* город + *lingua* язык) – совокупность разновидностей, *Вариантов языка, Форм существования языка* в их социальном взаимоотношении и функциональном взаимодействии в границах города (Е.А. Хасенов). В подобной формулировке У. совпадает с понятием *Языковая ситуация* города, и действитель-

барлық жағын ескере отырып, қала тіліне қатысты көлемді жағдаятты, макрожағдаятты, микрожағдаятты зерттеу. Мыс., Алматы қаласы урболингвасының этнолингвистикалық құрылымы 1980 ж. Еуразияның негізгі 11 *Тілдер әулетіне* енетін этнотілді құрады. Әлемдегі ірі қалалардың көпшілігінде көптеген нәсілдердің, *Этностардың, Тілдердің, Мәдениеттің*, діндердің өкілдері (олардың кәсіптері де әр басқа) орналасқан, сондықтан урболингва, бастапқы ұғымына сүйенсек, әрине, көптілді бірлестік. Сонымен қатар урболингва жүйелі-құрылымдық тұтастық ретінде *Идиомдардың* барлық типтерін өз бойына жинақтаған, тілдік даму мен тілдердің өзара ықпалының ең жоғарғы, дамыған нысанының ролін де атқаруға ұмтылыс жасайды. Дәстүрлі түсініктермен қатар урболингва ны сипаттау үшін Е.А. Хасенов біралуан жаңа аталымдарды (*Урболект*, урболингвогенез, урбожүйе, урбосоциум, урбоорталықтандыру және т.б.) қолдануды ұсынады (қара. *Урбандану, Урболингвистика*).

**Урболингвистика** (лат. *urbs* қала + фр. *linguistique* < лат. *lingua* тіл) – *Әлеуметтік лингвистиканың* бір тармағы, ол қаладағы *Тілдің пайда болуы, Тілдің дамуы, тілдің қолданылуы, Тіл өмір сүруінің формалары, Тілдік қатынастар*, қала тілі мен жалпы тіл дамуының өзара байланысы мәселелерін зерттейді (Е.А.Хасенов). Урболингвистиканың әлеуметтік лингвистикадан айырмашылығы, Е.А.Хасеновтің көзқарастары бойынша, мынада: әлеуметтік лингвистиканың нысанасы *Социум* болса, урболингвистика жұртшылықтың бір түрін – қалалық типтегі аумақ көлемінде орналасқан адамдарды зерттеуге бағытталған. Ныса-

но цель У. составляет изучение городских языковых мега-, макро- и микроситуаций по всем вертикалям и горизонталям общественно-языковой практики, напр., этнолингвистический корпус Алматинской У. к 1980 г. включал 101 этноязык, принадлежащий к 11 основным *Языковым семьям* Евразии. Большинство городов мира населены представителями многих рас, *Этносов, Языков, Культур*, вероисповеданий, родов занятий, поэтому эмпирически У. – это, как правило, многоязычный конгломерат, и У. как некая системно-структурную целостность претендует на роль высшей эволюционной формы языкового развития и взаимодействия, вбирающей в себя все остальные типы *Идиомов*. Для описания У., помимо традиционных понятий, Е.А. Хасенов предлагает использовать ряд новых терминов: *Урболект*, урболингвогенез, урбосистема, урбосоциум, урбоцентризм и др. (см. *Урболингвистика, Урбанизация*).

**Урболингвистика** (от лат. *urbs* город + фр. *linguistique* < лат. *lingua* язык) – раздел *Социолингвистики*, изучающий возникновение, *Развитие языка*, функционирование языка/языков, *Формы существования языков, Языковые контакты* в городе, взаимную обусловленность процессов городского и языкового развития (Е.А.Хасенов). Отличие У. от социолингвистики, согласно Е.А.Хасенову, заключается в следующем: если объектом социолингвистики выступает языковой *Социум*, то У. направлена на изучение только одной разновидности социума – территориально-поселенческой общности городского типа. Такое вычленение объекта

наның осылайша бөлінісі бірқатар ғалымдар (Әл-Фарабиден, Ф. де Соссюрден, А.Мейеден бастап Б.А.Ларинге дейін) ажыратып көрсеткен қағидаттарға негізделген, яғни аталған ғалымдар «ел – қала – ауыл» үштігінің ішінде қала тілдің дамуына барынша қарқынды серпін береді және тілдік, ішкі тілдік сипаттамаларды тұтастай алғанда, қала ауылдың да, тіпті бүкіл елдің де алдына шығады. Міне, осыған байланысты әлеуметтік лингвистиканы тұтастықтың бір бөлігі деп танып және екеуіне де ортақ әдіснамалық тұғырнаманы негіз ете отырып, урболингвистика мәселені тереңдете түседі, сөйтіп, әлеуметтік лингвистиканың зерттеу кеңістігінің аясы мен шекарасын белгілі бір дәрежеде кеңейтеді (қара. *Урбандану, Урболект, Урболингва*).

**Ұлт** ағыл. *nation* – 1. Тарихи қалыптасқан *Этнос* типі; экономикалық өмірдің тұрақты тұтастығы (ортақтығы), *Тілі*, аумағы, *Мәдениет* пен тұрмыстың кейбір ерекшеліктері, психологиялық ерекшеліктері және *Этникалық сана-сезімі* арқылы сипатталатын, адамдардың тарихи қауымдастығы. 2. Белгілі бір этностың бақылауында болатын кез келген саяси-аумақтық бірлестік. Ұлт *Ұлыстың* орнын ауыстырады (қара. *Тілдік сана-сезім, Ұлт, Ұлттық тіл, Этникалық тіл*).

**Ұлтаралық қарым-қатынас тілі** ағыл. *language of interethnic communication* – *Дәнекер-тіл*; көпұлтты бір мемлекеттің аумағындағы әртүрлі *Этникалық тілдерді* пайдаланушылардың қарым-қатынас құралы ретінде қолданылатын тіл. Ұлтаралық

основано на разделяемом рядом ученых (от аль-Фараби, Ф. де Соссюра, А.Мейе до Б.А.Ларина) постулате о том, что в триаде «*страна – город – село*» город наиболее интенсивно стимулирует развитие языка и по совокупным экстралингвистическим и собственно лингвистическим характеристикам опережает не только село, но и страну в целом. Именно поэтому, относясь к социолингвистике как часть к целому и базируясь на общей с ней методологической платформе, У. углубляет и специализирует собственную предметную область, в свою очередь, определенным образом расширяя границы и сферы социолингвистики (см. *Урбанизация, Урболект, Урболингва*).

**Нация** (от лат. *natio* народ) англ. *nation* – 1. Исторически сложившийся тип *Этноса*, историческая общность людей, характеризующаяся устойчивой целостностью (общностью) экономической жизни, *Языка*, территории, некоторыми особенностями *Культуры* и быта, психологического склада и *Этнического самосознания*. 2. Любое политически-территориальное объединение, которое находится под контролем определенного этноса. Н. приходит на смену *Народности* (см. *Национальность, Национальный язык, Этнический язык, Языковое самосознание*).

**Язык межнационального общения** (меж- + лат. *natio* народ) англ. *language of interethnic communication* – *Язык-посредник*; язык, используемый как средство общения носителями различных *Этнических языков* в границах одного полинационального государства.

қарым-қатынас тілінің *Халықаралық тілден, Әлем тілінен* айырмашылығы – оның бір ғана мемлекет шекарасында пайдаланылатындығында. Ұлтаралық қарым-қатынас тілдері: АҚШ-та – ағылшын тілі, Алманияда – неміс тілі, Ресейде – орыс тілі. Кейбір елдерде ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі *Тіл мәртебесі* заңнама арқылы бекітілген, мыс., Әзірбайжанда, Тәжікстанда, Түркіменстанда ұлтаралық қарым-қатынас тілі – орыс тілі; Қытайда ұзақ ғасырлар бойы келе жатқан жалғыз ұлтаралық қарым-қатынас тілі – қытай тілі (ол алғашында «гуаньхуа, кейін «гоюй» деп аталған; қазіргі атауы – «путунхуа») (қара. *Автохтон тіл, Жергілікті тіл, Жұмыс тіл, Мажоритар тіл, Мемлекеттік тіл, Миноритар тіл, Негізгі тіл, Ресми тіл, Тіл мәртебесі, Тіл мәртебесін жоспарлау*).

**Ұлтаралық тіл** – бір мемлекетте тұратын әртүрлі ұлт өкілдерінің өзара қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланылатын *Тіл*. Ресей Федерациясының құрамына енетін республикаларда орыс тілі *Мемлекеттік тіл* мәртебесіне ие, сонымен қатар ұлтаралық тіл болып табылады (қара. *Аймақтық тіл, Әлемдік тіл, Мемлекеттік тіл, Ресми тіл, Тіл мәртебесі, Ұлт тілі*).

**Ұлттық тіл** ағыл. *national language* – 1. *Ұлттың* жалпы тілі. 2. Бір мемлекеттің аумағында қоғамдық өмірдің саяси, әлеуметтік және мәдени салаларында шоғырландыру қызметін атқаратын тіл. Ұлттық тілдің пайда болуы және дамуы – өте күрделі, ұзаққа созылатын, әр халықта бірдей емес, әралуан жолдармен дамитын

Отличие Я.м.о. от *Международного языка, Мирового языка* заключается в его использовании в границах одного государства. Я.м.о. считаются: английский в США, немецкий – в Германии, русский – в Российской Федерации. В некоторых странах *Статус языка* в качестве Я.м.о. утвержден законодательно, напр., в Азербайджане, Таджикистане, Туркмении Я.м.о. является русский язык; в Китае единственным Я.м.о. на протяжении многих веков является китайский язык (называвшийся сначала «гуаньхуа», затем «гоюй», в настоящее время «путунхуа») (см. *Автохтонный язык, Государственный язык, Коренной язык, Мажоритарный язык, Местный язык, Миноритарный язык, Официальный язык, Рабочий язык, Статус языка, Статусное планирование языка*).

**Межнациональный язык** (меж- + лат. *natio* народ) – *Язык*, который используется как средство общения между представителями разных национальностей внутри одного государства. В республиках, входящих в Российскую Федерацию, русский язык имеет статус *Государственного языка*, а также является М.я. (см. *Региональный язык, Национальный язык, Государственный язык, Официальный язык, Статус языка, Мировой язык*).

**Национальный язык** (от лат. *natio* народ) англ. *national language* – 1. Общий язык *Нации*. 2. Язык, выполняющий интеграционную функцию в рамках данного государства в политической, социальной и культурной сферах жизни общества. Образование и развитие Н.я. – сложный, длительный, часто болезненный процесс, идущий неравно-

үдеріс. 1953 ж. ЮНЕСКО сарапшылары тарапынан «*national language*» (бір мемлекеттік аумағында қоғамдық өмірдің саяси, әлеуметтік және мәдени салаларында шоғырландыру қызметін атқаратын тіл) және «*official language*» (мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу тілі) ұғымдарын ажырату туралы ұсыныс жасалды (қара. *Әдеби тіл, Жазба тіл, Жазбасы жоқ тіл, Мемлекеттік тіл, Тіл, Тілдік сана, Тілдік сана-сезім, Этникалық сана-сезім*).

**Ұлтшылдық** ағыл. *nationalism* – бір Ұлттың екінші ұлттан ұлттық айрықшалығы мен ұлттық артықшылығына негізделген *Идеология* және саясат. Ұлтшылдық – күрделі әлеуметтік құбылыс; онда тілдік, мәдени, экономикалық және саяси аспектілер ажыратылады (қара. *Геноцид, Интернационализм, Лингвоцид, Тіл идеологиясы, Тіл саясаты*).

**Ұлыс** ағыл. *people* – сатылық тұрғысынан қарағанда тайпа мен Ұлт арасында орын алатын этникалық қауымдастық нысаны. Ұлыс үшін *Тіл*, аумақ, шаруашылық және әлеуметтік-мәдени өмірдің ортақтығы тән (қара. *Тілдік сәйкестілік, Этникалық сана-сезім, Этникалық сәйкестілік, Этникалық тіл, Ұлттық тіл*).

**Ұялы іріктеу** ағыл. *cluster sampling* – *Кездейсоқ іріктеудің* бір түрі; бұл ретте *Басты жиынтықтан* шағын топтардан тұратын ұяның (топтың, кластердің) *Респонденттері*

мерно и разными путями у разных народов. Экспертами ЮНЕСКО в 1953 г. было рекомендовано разграничить понятия «*national language*» (как язык, выполняющий интеграционную функцию в рамках данного государства в политической, социальной и культурной сферах жизни общества) и «*official language*» (как язык государственного управления, законодательства, судопроизводства) (см. *Бесписьменный язык, Государственный язык, Литературный язык, Письменный язык, Этническое самосознание, Язык, Языковое самосознание, Языковое сознание*).

**Национализм** (от фр. *nationalisme* < лат. *natio* народ) англ. *nationalism* – *Идеология* и политика, основанные на идее национальной исключительности и национального превосходства одной *Нации* над другой. Н. – сложное социальное явление, в котором выделяются языковые, культурные, экономические и политические аспекты (см. *Геноцид, Интернационализм, Лингвоцид, Языковая идеология, Языковая политика*).

**Народность** англ. *people* – форма этнической общности, которая иерархически занимает место между племенем и *Нацией*. Н. обладает общностью *Языка*, территории, хозяйственной и социально-культурной жизни (см. *Национальный язык, Этническая идентичность, Этнический язык, Этническое самосознание, Этнос, Языковая идентичность*).

**Гнездовая выборка** англ. *cluster sampling* – вид *Случайной выборки*, при которой из *Генеральной совокупности* отбираются *Респонденты*, представляющие собой



алынады. Ұя – төменгі сатының мейлінше ұсақ бөлшектерінен тұратын, жоғары сатының бір бөлігі; ұяның өзі *Көпсатылы іріктеуге* сәйкес көпсатылы болуы мүмкін. Ұялы іріктеудің артықшылықтары – ұйымдастырудың тиімділігі (өйткені бірнеше шағын топтардан респонденттерді іріктеу қолайлы); техникалық жағынан орындалуы (әсіресе аймақтық топтарды ұялы іріктеу кезінде; өйткені *Сауалнама жүргізуге* ұсақ ұялардың көлемді саны қамтылуы мүмкін). Теңбе-тең ұяларды сұрыптап алу үшін кездейсоқ іріктеуді пайдалануға болады (қара. *Әлеуметтік лингвистика әдістері, Әлеуметтік лингвистика деректер банкі, Әлеуметтік лингвистика зерттеу бағдарламасы, Әлеуметтік лингвистика зерттеулерін ұйымдастыру, Жүйелі іріктеу, Саналы іріктеу, Стратталған іріктеу, Сұрастырым, Ұялы іріктеу, Үлестік іріктеу, Іріктеу*).

**Үлестік іріктеу** ағыл. *quota sampling* – Саналы іріктеудің бір түрі; бұл ретте *Информанттар Басты жиынтықтан* әлеуметтік-демографиялық, бақылау белгілеріне қарай іріктеліп алынады. Үлестік іріктеудің ұстанымы объектілерді олардың құрылымдық элементтеріне ұқсастыруға негізделген. Үлестік іріктеу кездейсоқ (өзіндік-кездейсоқ, болжамды) іріктеумен қатар жүргізілгенде ғана деректердің *Сенімділігіне* қол жеткізуге болады. Үлестік іріктеудің ең оңтайлы көлемі – 1000-нан 2500-ге дейінгі *Респондент*; үлес сипаттамасының саны біріне-

гнезда (группы, кластеры) более мелких единиц. Гнездо – это единица высшей ступени, состоящая из более мелких единиц низшей ступени, при этом число единиц, образующих гнездо, называют размером, а само гнездо может быть многоступенчатым в соответствии с *Многоступенчатой выборкой*. Преимущества Г.в. заключаются в организации (удобнее осуществлять отбор респондентов нескольких компактных групп) и техническом исполнении (особенно при Г.в. территориальных групп), поскольку в *Анкетирование* может быть вовлечено большее число малых гнезд. Для отбора гнезд равного объема может быть применена случайная выборка (см. *Банк социолингвистических данных, Выборка, Достоверность социолингвистических данных, Гнездовая выборка, Квотная выборка, Методы социолингвистики, Неслучайная выборка, Опрос, Организация социолингвистического исследования, Программа социолингвистического исследования, Систематическая выборка, Стратифицированная выборка*).

**Квотная выборка** (от лат. *quot* сколько) англ. *quota sampling* – вид *Неслучайной выборки*, при которой из *Генеральной совокупности* отбираются *Информанты* в соответствии со статистическими (социально-демографическими) контрольными признаками квот. Принцип отбора К.в. основан на подобии объектов их структурным элементам, *Надежность* данных может быть обеспечена сочетанием К.в. со *Случайной выборкой*. Оптимальная величина К.в. составляет от 1000 до 2500 *Респондентов*, число характеристик квоты не должно превышать четырех независимых или взаимосвязанных

бірі тәуелсіз және бірімен-бірі өзара байланысты төрт белгіден аспауы тиіс; олар респонденттердің басты жиынтығының құрылымын айқындайды. Үлестік іріктеу үлес межелерін коэффициентке көбейту арқылы нақтыланады:  $k = n / 100$ , бұнда  $n$  – іріктеудің көлемі. Үлестік іріктеу *Сауалнама жүргізуге, Сұхбатқа* кететін уақытты елеулі түрде қысқартады (қара. *Әлеуметтік лингвистика әдістері, Әлеуметтік лингвистика зерттеу бағдарламасы, Әлеуметтік лингвистика зерттеулерін ұйымдастыру, Жүйелі іріктеу, Көпсатылы іріктеу, Саналы іріктеу, Стратталған іріктеу, Ұялы іріктеу, Іріктеу*).

**Үндемеу** ағыл. *silence* – үндемеу коммуникативті тұрғыдан мәнді. Үндемеудің бірнеше деңгейі мен типі зерттелген: әңгіме кезіндегі үндемеу; коммуникативті стратегия ретіндегі үндемеу. Үндемеудің мәдени нормалары мен мағыналарындағы айырмашылықтар *Сөйлеушілердің Әлеуметтік мәртебесінің* көрсеткіші ретінде танылады. «Сөйлеу үшін» үндемеу және «сөйлеудің орнына» үндемеу деген түрлер ажыратылады: еуропалық мәдениетте әңгіме тізгінін ұстаған адам әңгімеге үстемірек араласады, көбірек сөйлеуге ұмтылады; бұндай жағдайда үндемеу әңгімеге баяу араласатын адамның белгісіне айналады. Көптеген мәдениеттерде әйелдерге тиесілі Үндемеу *Гендер лингвистикасында* қарастырылады. Үндемеу коммуникативтік тетік ретінде әртүрлі қолданылады: әртүрлі жағдаяттарда келісім, батылсыздық, бас тарту, үрей, сыпайылық және т.б. (қара. *Антропологиялық константа, Әңгіме менеджменті, Әңгіме*

признаков, отражающих структуру генеральной совокупности информантов. К.в. определяется умножением параметров квот на коэффициент  $k = n/100$ , где  $n$  – это объем выборки. К.в. существенно сокращает время, затрачиваемое на *Анкетирование, Интервью* (см. *Выборка, Гнездовая выборка, Методы социолингвистики, Многоступенчатая выборка, Неслучайная выборка, Организация социолингвистического исследования, Программа социолингвистического исследования, Систематическая выборка, Стратифицированная выборка*).

**Молчание** англ. *silence* – М. коммуникативно значимо. Изучены разные уровни и типы М: М. в разговоре, М. как коммуникативная стратегия, различия в культурных нормах и значениях М. М. выступает показателем *Социального статуса Говорящих*. Различают М. «для говорения» и М. «вместо говорения»: в европейской культуре доминирующий собеседник перебивает, стремится говорить дольше, в такой ситуации М. становится знаком доминируемого; в теории *Вежливости* М. «вместо говорения» рассматривается как признак негативной вежливости – отказ от стремления влиять на других и сохранение их лица, в таких случаях М. становится знаком доминирующего. М., предписываемое женщинам во многих культурах, изучается в *Гендерной лингвистике*. Как коммуникативный механизм М. может использоваться по-разному: в разных ситуациях выступает как согласие, нерешительность, отказ говорить, угроза, вежливость и др. (см. *Анализ разговора, Антропологиче-*

талдау, Қателерді талдау, Мәдени код, Мәдениетаралық коммуникациядағы кедергі, Лингвистикалық антропология, Сөйлеу этнографиясы, БІқшам жауап).

**Үстем тіл** ағыл. *primary language* – кейде: бастапқы тіл; Қостілділік жағдайында меңгерілу және қолданылу деңгейі басқа тілден анағұрлым жоғары тұрған тіл (*Тілдік құзырет, Коммуникативтік құзырет*). Үстем тіл *Ана тіліне, Бірінші тілге, Екінші тілге* сәйкес келуі де, сәйкес келмеуі де мүмкін. Үстем тіл қозғалмалы сипатқа ие; ол *Қостілді адамның* өмірінде ауысып, өзгеріп отырады (қара. *Басым тіл, Тіл меңгеру деңгейі*).

**Фатикалық** (грек. *phatos* айтылған) ағыл. *phatic* – байланыс орнататын, сөйлесуді байланыстыратын, сөйлеуге қатысы бар. Терминді Б. Малиновский (АҚШ) ұсынған (қара. *Сөйлеу актісі, Коммуникативтік акт, Коммуникативтік жағдаят, Коммуникативтік орта, Коммуникация*).

**Филия** (*фила*) (грек *phyle* тайпа, ру, түр) – *Тілдердің* аса ауқымды бірлестігі, оның құрамына тілдердің бір әулетімен салыстырғанда, алыс туыстастығы бар бірнеше тілдер әулеті енеді (қара. *Тілдерді топтастыру, Тілдік әулет*).

**Фоссилдану** (ағыл. *fossilization* тасқа айналу үдерісі < *fossilis* лат. кен) – 1. *Тіл-мақсаттың* «тасқа айналуы», дамуының тоқтатылуы немесе толыққанды *Тілдік құзыретке* қол

*ская лингвистика, Барьер в межкультурной коммуникации, Культурный код, Лингвистическая антропология, Менеджмент разговорной, Минимальный ответ, Этнография речи*).

**Доминирующий язык** (от лат. *dominans, dominantis* господствующий) англ. *primary language* – иногда: первичный язык; один из языков при *Двуязычии*, степень знания и использования которого (*Языковая компетенция, Коммуникативная компетенция*) превышает степень знания и использования другого языка. Д.я. может совпадать или не совпадать с *Родным языком, Первым языком, Вторым языком*. Д.я. — подвижная категория, может меняться в течение жизни *Билингва* (см. *Доминантный язык, Уровень владения языком*).

**Фатический** (от греч. *phatos* сказанный) англ. *phatic* – контактоустанавливающий, относящийся к речи, речеконтактный. Термин Б. Малиновского (США) (см. *Речевой акт, Коммуникативная ситуация, Коммуникативная среда, Коммуникативный акт, Коммуникация*).

**Филия** (*фила*) (греч. *phyle* племя, род, вид) – крупное объединение *Языков*, которое содержит несколько языковых семей, имеющих между собой более дальнее родство, чем языки одной семьи (напр., макросемья языков) (см. *Классификация языков, Языковая семья*).

**Фоссилизация** (от англ. *fossilization* процесс окаменения < лат. *fossilis* ископаемый) – 1. «Окаменение», прекращение развития *Языка-цели* или возвращение к начальным ста-

жеткізбей-ақ тілді меңгерудің бастапқы са- тыларына қайта оралу. 2. Жас мөлшеріне қарамастан *Қостілді адамның* тілінде «тасқа айналған» тілдік феномендердің сақталуы (бұнда осы феномендерді жеңуге де күш жұмсалады) (қара. *Интерференция, Құзырет, Өткінші тіл, Тіл меңгеру деңгейі, Тіл меңгеруді жоспарлау, Тілдік қабілет*).

**Франгле** (фр. *franglais* < *francais* фран- цуз тілі + *anglais* ағылшын тілі сөздерді біріктіріп жасалған) – құрамында ағылшын тіліне тән көптеген сөздер мен сөйленістер бар француз тілінің атауы. Терминді П. Этьембла ұсынған (1960) (қара. *Аралас тіл, Креол тілдер, Лексификатор, Пиджин, Френглиш*).

**Француз элеуметтану мектебі** – ХХ ғ. басындағы француз тіл біліміндегі бағыт; бұл мектеп А. Мейе шәкірттері мен ізба- сарларын біріктірді. Француз элеуметтану мектебі тілдегі өзгерістердің себептерін элеуметтік себеп-салдарлар, қоғамдық қайта өзгерістер арқылы түсіндірген Д. Дидроның, Ж.Ж. Руссоның, М. Брельдің, П. Лафаргтің көзқарастарын негізге алып, тілді қоғамдық құбылыс ретінде айқындады. А. Мейе тілдің элеуметтік табиғатын зерттеудің, *Социумның Тілге* ықпалының тетіктерін сипаттау, тілдің дамуы мен колданылуының жалпы заңдылықтарын анықтау бағдарламасын жасады. Тіл элеуметтік тұрғыдан қатаң айқындалатындықтан, А. Мейе әрбір «элеу- меттік құрылымға қандайда бір тілдік құрылым сәйкес келеді», «әрбір элеуметтік жіктеме лингвистикалық жіктемеде кө- рініс табады» деп есептеді. Француз элеуметтану мектебі О. Конт, Э. Дюрк-

диям владения им без достижения полной *Языковой компетенции*. 2. Сохранение «ока- меневших» языковых феноменов в языке *Билингва* независимо от возраста и усилий по их преодолению (см. *Интеръязык, Ин- терференция, Компетенция, Планирование усвоения языка, Уровень владения языком, Языковая способность*).

**Франгле** (фр. *franglais* соединение слов < *francais* французский язык + *anglais* англий- ский язык) – название французского языка, содержащего много английских слов и выра- жений. Термин П. Этьембла (1960) (см. *Кре- ольские языки, Лексификатор, Френглиш, Смешанный язык, Пиджин*).

**Французская социологическая школа** (от лат. *soci(etos)* общество) – направление во французском языкознании начала ХХ в., объединившее учеников и последователей А. Мейе. Ф.с.ш., основываясь на взглядах Д. Дидро, Ж.Ж. Руссо, М. Бреалья, П. Ла- фарга, объяснявших языковыи изменениз социальными причинами и общественными преобразованиями, определяла язык как общественное явление. А. Мейе была создана программа изучения социаль- ной природы языка, описания механизма влияния *Социума* на *Язык*, установления общих закономерностей эволюции и функ- ционирования языка. А. Мейе считал, что, поскольку язык социально жестко детерми- нирован, то каждой «социальной структуре соответствует та или иная языковая струк- тура», а «каждая социальная дифференци- ация может отражаться в дифференциации лингвистической». Ф.с.ш. испытывала

гейм сияқты әлеуметтанушы-позитивист ғалымдардың ықпалын сезінді. Француз әлеуметтану мектебінің идеяларын М. Грамон, Ж. Вандриес, Ж. Марузо, М. Коэн, Э. Бенвенист қолдады. Француз әлеуметтану мектебінің көзқарастары Ж.Марузоның «Лингвистикалық терминдер сөздігінде» толық қамтылған. Әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер Женева мектебінде (Ф. де Соссюр, А.Сеше, Ш. Балли), Норвегияда (А. Саммерфельт), Румынияда (И. Йордан, А. Граур), Польшада (Е. Курилович) және т.б. қатар жүрді. Француз әлеуметтану мектебінің идеяларын ұстанушылардың еңбектерінде Функционализм маңызды орын алады (қара. *Әлеуметтік лингвистика, Неопозитивтілік, Позитивтілік, Тіл қызметі, Эксперименталды әлеуметтік лингвистика*).

**Фрейм** (ағыл. *frame* құрылым, рамка, кадр) – *Тілдік практиканың* нормаларын қоса есептегенде оқиғалардың, жағдаяттардың немесе іс-әрекеттің біртүрлі ұйымдастырылуы туралы білім, бұл білім алдыңғы тәжірибеге сүйенеді және нақты күтілетін жағдайларды алдын ала білудің салдары болып табылады. Оқиғаны немесе оған қатысушылардың мінез-құлқын (оның ішінде тілдік мінез-құлқын) фрейм термині арқылы түсіндіру жағдайды көзге елестетуге мүмкіндік береді, мыс., «баламен әңгіменің» айқын көрінісі – сұрақ-жауаптың жиынтығы бар, қарапайым тілдік құралдар қолданылады, баланың түсінгенін тексеру үшін саналан қайталамалар болады, әңгімеде ересек адамның рөлі басым (қара. *Әңгіме талдау, Кілт, Сөйлеу актілер теориясы, Сөйлеу*

влияние социологов-позитивистов О. Конта, Э. Дюркгейма. Идеи Ф.с.ш. поддерживали М. Грамон, Ж. Вандриес, Ж. Марузо, М. Коэн, Э. Бенвенист. Полнее всего взгляды Ф.с.ш. отражены в «Словаре лингвистических терминов» Ж. Марузо. Параллельные социолингвистические разработки велись в *Женевской школе* (Ф. де Соссюр, А. Сеше, Ш. Балли), в Норвегии (А. Саммерфельт), Румынии (И. Йордан, А. Граур), Польше (Е. Курилович) и др. В трудах последователей Ф.с.ш. важное место занимают положения *Функционализма* (А. Мартине) (см. *Неопозитивизм, Позитивизм, Социолингвистика, Теоретическая социолингвистика, Функции языка*).

**Фрейм** (от англ. *frame* структура, рамка, кадр) – знания о типичной организации события, ситуации или действия, включая нормы *Языковой практики*, основанные на предыдущем опыте и как следствие на предвидении определенных ожиданий. Интерпретация события или поведения его участников (в т.ч. языкового поведения) в терминах Ф. позволяет представить, напр., «разговор с ребенком» как множество вопросов-ответов, использование простых языковых конструкций, многочисленные повторы, проверку понимания и доминирующее положение взрослого в разговоре (см. *Анализ разговора, Ключ, Речевой акт, Сценарий, Схема, SPEAKING, Теория речевых актов, Футинг, Этнография речи*).



*актісі, Сөйлеу этнографиясы, Сценарий, Сызба, SPEAKING, Футинг).*

**Френглиш** (ағыл. *frenglish* < *French* француз тілі + *English* ағылшын тілі сөздері біріктіріп жасалған) – көптеген француз сөздері мен сөйленістері бар ағылшын тілінің атауы (қара. *Аралас тіл, Креол тілдер, Қосалқы тіл II, Лексификатор, Пиджин, Франгле*).

**Функционалды қостілділік** (лат. *functio* орындау) ағыл. *functional bilingualism* – *Этникалық қостілділікке* қарама-қарсы; бір халықтың екі тілді қатар қолдануында көрініс табады, бірақ мұнда біріншісі халықтың *Этникалық тілі* болса, екіншісі – арнаулы функцияларда немесе қарым-қатынастың ерекше жағдаяттарында қолданылатын үстемелі этникалық тіл. Мысалы, Үндістанда санскрит (көне үнді тілі) культ тілі, ал хинди халық тілі ретінде қолданылады; Қытайда мандарин, қытай ву, қытай мин нан және т.б. тілдерімен қатар барлық *Диалектілер* иелеріне ортақ жазба қытай тілі қолданылады (қара *Диглоссия, Қостілділік, Тілдік қатынас, Тіл саясаты*).

**Функционалдылық** (лат. *functio* орындау) ағыл. *functionalism* – *Структурализмнен* бастау алатын, *Тілдің* қарым-қатынас құралы ретінде және тіл мен тілдік құралдардың талқылануы қызмет етуі тұрғысынан түсіндірілетін *Әлеуметтік лингвистикадағы* әдіснамалық концепция. Функционалдылық И.А. Бодуэн де Куртенэнің, Ф. де Соссюрдің, О. Есперсеннің, Р.О. Якобсонның және Прага лингвистикалық үйірмесінің өкідерінің тілді қарастырудың телеологиялық принципі (максатталған жүйе ретінде) идеялары-

**Френглиш** (англ. *frenglish* соединение слов < *French* французский язык + *English* английский язык) – название английского языка, содержащего много французских слов и выражений (см. *Вспомогательный язык, Креольские языки, Лексификатор, Пиджин, Смешанный язык, Франгле*).

**Функциональное двуязычие** (от лат. *functio* исполнение) англ. *functional bilingualism* – противопоставляется *Этническому двуязычию*, наблюдается в ситуации, когда два языка используются одним народом, при этом один – это *Этнический язык* данного народа, другой – надэтнический язык, который используется в специальных функциях или особых ситуациях общения. Напр., в Индии санскрит (древнеиндийский язык) используется как культовый язык, а хинди – как народный язык; в Китае, наряду с китайским мандаринским, китайским ву, китайским мин нан и др., используется письменный китайский, общий для носителей всех *Диалектов* (см. *Диглоссия, Двуязычие, Языковая политика, Языковой контакт*).

**Функционализм** (от лат. *functio* исполнение) англ. *functionalism* – методологическая концепция в *Социолингвистике*, восходящая к *Структурализму* и состоящая в преимущественном рассмотрении *Языка* как средства общения и объяснении языка и языковых единиц с точки зрения их функционирования. Ф. восходит к идеям И.А.Бодуэна де Куртенэ, Ф. де Соссюра, О.Есперсена; Р.О.Якобсоном и представителями Пражского лингвистического кружка был выдвинут телеологический принцип рассмотрения языка (как целена-

нан бастау алады; *Тіл қызметінің* корпусы талдауға ұшырады; тілдің «қос мүшелік талдануы» принципі жасалынды (А. Мартине); Функционалдылық тілдік бірліктердің анағұрлым ірі бірліктер және тұтастай тіл құрамындағы қызметі тұрғысынан талдануында (Н.Д. Арутюнова) және *Мәтіндерді* стилистикалық қабаттану талдауында және т.б. көрініс табады (Д.Н. Шмелев). (қара *Әдіснама, Әлеуметтік лингвистика әдістері, Силь, Тіл және қоғам*).

**Футинг** (ағыл. *footing* тірек нүктесі) – сұхбаттасушыға, оқиғаға немесе *Қарым-қатынас* жағдаятына деген индивидтің ұстанымы. Футингтің өзгеруі сөйлеушілердің арасындағы қарым-қатынастың немесе оқиғалар *Фрейміндегі* өзгерістеріне алып келеді. Футинг қарым-қатынастың жиілік сипаттамасы болып табылады және *Сөйлеу актісінде*, мысалы, жиналыста есімі мен әкесінің аты қолданылатын ресми қаратпа сөзден жиналыстан кейінгі жеке сөйлесудегі тек қана есімнің қолданылуына ауысуда, сондай-ақ *Кодтардың алмасуында* айқын көрініс табады (қара. *Әңгіме талдау, Кілт, Сөйлеу актілер теориясы, Сөйлеу этнографиясы, Сызба, Сценарий, SPEAKING*).

**Халық санағы** ағыл. *census* – елдің барлық тұрғындары туралы мәліметтерді жинау мақсаты көзделетін арнайы ұйымдастырылған іс-шара; халық санағы кезінде елдің барлық тұрғындарының саны мен орналасуы, оларға тән нақты қасиет-сапалардың бар немесе жоқ екендігі, сондай-ақ қасиет-сапалардың қалайша танылатындығы мен дамуы тура-

правленной системы); подвергнут анализу корпус *Функций языка*; разработан принцип «двойного членения» языка (А.Мартине); Ф. проявляется в анализе языковых единиц с точки зрения ее функций в составе более крупных единиц и языка в целом (Н.Д. Арутюнова), в анализе стилистического расслоения *Текстов* (Д.Н. Шмелев) и мн. др. (см. *Методология, Методы социолингвистики, Силь, Язык и общество*).

**Футинг** (от англ. *footing* точка опоры) – позиция индивида по отношению к собеседникам, событию или ситуации *Общения*. Изменения Ф. влекут за собой изменения в отношениях с собеседниками или изменения во *Фрейме* события. Ф. является частой характеристикой общения и отчетливо проявляется в *Речевом акте*, напр., переход в обращении по имени и отчеству во время собрания на использование только имени в частной беседе после собрания, а также в *Переключении кодов* и др. (см. *Анализ разговора, Ключ, Сценарий, Схема, SPEAKING, Теория речевых актов, Этнография речи*).

**Перепись населения** англ. *census* – специально организованное мероприятие, цель которого заключается в сборе сведений обо всех жителях страны для получения демографических данных об их численности и размещении, наличии/отсутствии определенных свойств, мере их выраженности и развития. П.н. при правильной

лы демографиялық мағлұмат жинақталады. Алынған мәліметтер дұрыс сарапталған жағдайда халық санағы жеке адамдардың *Тілдік сана-сезімі* жөнінде қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы тұңғыш халық санағы 1999 ж. өткізілді (қара. *Демография, Демоскопия*).

**Халықаралық тіл** ағыл. *international language* – әртүрлі мемлекеттер халықтарының қарым-қатынас құралы ретінде қызмет ететін тіл. Халықаралық тілдің түрлері – табиғи *Ұлттық тіл*, ол нақты бір халықтың қарым-қатынас құралы және халықтар арасындағы қарым-қатынас құралы қызметін қатар атқара алады; жасанды халықаралық тіл, ол халықтар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін арнайы құрастырылған коммуникативті жүйе, табиғи тілге ұқсас түр (*Волапюк, Идо, Эсперанто*; мыс., Халықаралық полицейлер ассоциациясының таңба-белгісінде «*Servo per Amikeso*» (Достық арқылы қызмет ету деген жазу бар), ол эсперантоша жазылған. Халықаралық тілдің үшінші түрі – аймақтық халықаралық тіл, оны белгілі аймақта өмір сүретін халықтар пайдаланады (қара. *Әлем тілдері, Жаһандану, Жасанды тіл, Қосалқы тіл II, Табиғи тіл, Этнос*).

**Халықаралық ұйымдар** ағыл. *international organizations* – ұлттық институттардан жоғары тұратын институттар; халықаралық ұйымдардың мақсаты – *Тілдер колданысының аса маңызды үдерістерін, Тілдік жоспарлауды, Тіл саясатын* жүзеге асыруды реттеу және монито-

интерпретации данных позволяет судить о *Языковом самосознании* индивидуумов. Первая перепись населения независимого государства была проведена в Республике Казахстан в 1999 г. (см. *Демография, Демоскопия*).

**Международный язык** англ. *international language* – язык, служащий средством общения народов разных государств. Различают естественный М.я. – *Национальный язык*, одновременно выполняющий функцию средства общения данного народа и функцию общения между народами; искусственный М.я. – коммуникативная система, аналог естественного языка, специально сконструированная для общения между народами (*Волапюк, Идо, Эсперанто*, напр., Международная полицейская ассоциация на своей эмблеме имеет слова *Servo per Amikeso* (Служение через дружбу), написанные на эсперанто); региональный М.я., используемый народами, живущими в определенном регионе (см. *Вспомогательный язык, Глобализация, Искусственный язык, Мировой язык, Естественный язык, Этнос*).

**Международные организации** англ. *international organizations* – наднациональные институты, целью которых является мониторинг и регулирование важнейших процессов функционирования *Языков*, осуществления *Языкового планирования, Языковой политики* и др. Основные функции

ринг жүргізу. Халықаралық ұйымдардың негізгі міндеттері: конгрестер және мәслихаттарды ұйымдастыруға, өткізуге ықпал жасау; сандық және нақты материалдарды жинақтау, оларға талдау жүргізу; жинақталған материалдарды жариялау және тарату; тілдердің қолданылуы мен дамуын зерделеу; қоғамдық пікір қалыптастыру және т.б. Халықаралық ұйымдарға Орыс тілі және әдебиеті оқытушыларының халықаралық ассоциациясы (МАПРЯЛ) жатады, оның ұжымдық мүшесі – Орыс тілі және әдебиеті оқытушыларының Қазақстан қоғамдық бірлестігі (ҚазПРЯЛ). Халықаралық ұйымдардың тағы бірі – FIPLV (Fédération Internationale des Professeurs de Langues Vivantes, World Federation of Modern Language Associations) және т.б. (қара. *Тіл жоспарлау субъектілері*).

**Honorifics** (лат. *honor* ар, құрмет) – *Адресатқа* деген құрметті білдіретін арнаулы тілдік бірліктер мен формалар. Honorifics тілдегі *Сыпайылықты* білдіру жүйесінің ажырамас компоненті болып саналады. Мәртебелер (орыс тіліндегі *доктор, профессор, генерал, тетя*), есімдіктер (қазақ тіліндегі *сен/Сіз*), есімдік жұрнақтар (қазақ тіліндегі *-сіз*) Honorifics-тің көріністері болып табылады. Кейбір тілдерде (жапон, кәріс, тай т.б.) Honorifics-тің арнаулы стилистикалық жүйелері бар; яван тілінде өздік есімдіктер қарапайым, орташа, сыпайы, аса сыпайы формаларына бөлінеді, мысалы, жекеше түрдегі екінші жақ өздік есімдіктері келесі формаларға ие: *kowe, dika, piyambakirun, panjenenganirum*. Сөйлеушінің мәртебесін түсіруге арналған тілдік формалар Honorifics-ке жатады (*Ваш покорный*

М.о.: содействие в организации и проведении конгрессов, конференций, сбор и анализ статистических и фактических материалов, их публикация и распространение; изучение функционирования и развития языков; создание общественного мнения и др. К М.о. относятся Международная ассоциация преподавателей русского языка и литературы (МАПРЯЛ), коллективным членом которой является Казахстанское общественное объединение преподавателей русского языка и литературы (КазПРЯЛ); FIPLV (Fédération Internationale des Professeurs de Langues Vivantes, World Federation of Modern Language Associations) и мн.др. (см. *Субъекты языкового планирования*).

**Honorifics** (от лат. *honor* честь, почет) – специальные языковые единицы и формы, используемые как знаки уважения к *Адресату*. Н. является неотъемлемым компонентом системы выражения *Вежливости* в языке. К Н. относятся титулы (в русском языке *доктор, профессор, генерал, тетя*), местоимения (в казахском языке *сен/Сіз*) и местоименные суффиксы (в казахском языке *-сіз*). Некоторые языки (японский, корейский, тайский и др.) имеют специальные стилистические системы Н.; в яванском языке личные местоимения делятся на обычные, средние, уважительные и сверхуважительные, напр., местоимение второго лица единственного числа соответственно имеет следующие формы: *kowe, dika, piyambakirun, panjenenganirum*. К Н. относятся формы, выражающие понижение статуса говорящего (*Ваш покорный*

слуга, Я – человек маленький). «Сэр, господин» және т.б. (Да, господин!) сынды қаратпа сөздер; Аулақтану стратегиясы да Нопогіфіске жатады. Сөйлеуде Нопогіфіс-ті қолдану элеуметтік арақашықтық пен адресат пен Адресант арасындағы Ынтымақтастық деңгейіне және жағдаяттың ахуалына тәуелді (қара. Коммуникант, Коммуникативтік акт, Коммуникативтік жағдаят, Коммуникативтік орта, Коммуникация, Мәдениетаралық коммуникация стратегиясы Үндемеу).

**Чинук** – Солтүстік Америка Орегон штаты үндіс тілдері әулетінің пенутиан Жазбасы жоқ тілі; тілдердің жалғамалы типіне жатады; дамыған полисинтетизм арқылы сипатталады (қара. Жазба тіл, Жаңа жазба тіл, Көне жазба тіл).

**Шағын элеуметтік топ** – Шағын элеуметтік қоғамдастық ұғымымен бірдей (қара. Элеуметтік топ, Жаргон, Жастар тілі, Социолект).

